- Негорючая. Дозирование воспламеняемой среды возможно с некоторыми насосами во взрывозащищенном исполнении в соответствии с ATEX.

**Максимально допустимая вязкость при рабочей температуре\***

Приведено для:

- Нормально вязкие жидкости,
- негазовыделяющая среда,
- среда без взвешенных веществ,
- среда с плотностью, аналогичной воде.

**Указание** *Помните, что вязкость увеличивается при уменьшении температуры!*

Тип насоса	До частоты	Частота	До частоты
	хода 63 [ход/мин]	хода 64 - 120 [ход/мин]	хода 121 [ход/мин]
Максимальная вязкость* [мПа с]			
DMH 280	5	5	5
DMH 281	100	50	5
DMH 283	100	50	5
DMH 285	100	50	5
DMH 286	100	50	5
DMH 287	100	50	5
DMH 288	100	50	5

\* Условные оценки приближенных значений, примененных к стандартным насосам.

**Допустимая температура среды**

Материал дозирующей головки	Мин. температура среды [°C]	Макс. температура среды	
		p < 16 бар [°C]	p < 200 бар [°C]
Нержавеющая сталь, DIN 1.4571*	-10	100	90
Нержавеющая сталь, DIN 2.4610*	-10	100	90

\* Для применения в SIP/CIP мойках (невзрывоопасная среда): При температуре 145 °C максимальное противодавление 2 бар допускается на короткий период (15 минут).

**Предупреждение**

*При работе с химикатами соблюдайте инструкцию по технике безопасности производителя химикатов!*

*Дозируемая среда должна быть жидкой! Обращайте внимание на температуру замерзания и кипения дозируемой среды! Стойкость материала деталей, контактирующих со средой, зависит от характера среды, её температуры и рабочего давления.*

**Внимание**

*Убедитесь, что химическая устойчивость деталей, контактирующих со средой при дозировании, соответствует условиям эксплуатации! Убедитесь, что насос соответствует дозируемой среде!*

**14.10 Габаритные размеры**

Габаритные размеры приведены в *Приложении 1*.

**14.11 Вес**

Тип насоса	Материал дозирующей головки	Вес [кг]	
		Одиночный насос	Сдвоенный насос
DMH 280	Нержавеющая сталь 1.4571, 2.4610	13,7	20,4
DMH 281	Нержавеющая сталь 1.4571, 2.4610	13	19
DMH 283	Нержавеющая сталь 1.4571, 2.4610	36	54
DMH 285	Нержавеющая сталь 1.4571, 2.4610	43	64
DMH 286	Нержавеющая сталь 1.4571, 2.4610	45	71
DMH 287	Нержавеющая сталь 1.4571, 2.4610	45	71
DMH 288	Нержавеющая сталь 1.4571, 2.4610	36	54

**14.12 Объем хода**

Тип насоса	Объем хода [см <sup>3</sup> ]
DMH 280	0,35
DMH 281	1,1
DMH 283	6
DMH 285	12
DMH 286	25,3
DMH 287	5,4
DMH 288	2,33

**14.13 Диаграммы дозирования**

Диаграммы дозирования в *Приложении 3* – это кривые трендов.

Это применяется:

- для характеристики отдельного насоса (расход удваивается для сдвоенного насоса);
- для воды в качестве дозируемой среды;
- для нулевой точки насоса  $Q_0$  для заданного давления, см. таблицу ниже;
- при стандартном исполнении насоса.

Сокращение	Описание
Q	Расход дозирования
$Q_0$	Нулевая точка насоса
h	Длина хода

## 15. Обнаружение и устранение неисправностей

Перед тем как отправить насос в Сервисный центр Grundfos для диагностики или ремонта, уполномоченный персонал должен тщательно промыть его, заполнить Декларацию о безопасности насоса (см. Приложение 2) и прикрепить её к упаковке насоса на видном месте.

Если промывку насоса выполнить невозможно, то в Декларации о безопасности необходимо предоставить всю информацию о перекачиваемой жидкости.

Если указанные выше требования не выполнены, Сервисный центр Grundfos может отказаться принять насос.

Возможные расходы, связанные с возвратом насоса на фирму, несёт отправитель.



### Предупреждение

**Операции, связанные с исправлением неисправностей на насосах, которые не описаны в настоящем руководстве, должны выполняться только персоналом, уполномоченным компанией Grundfos!**

Неисправность	Диагностика	Причина	Способ устранения
1. Отсутствует расход дозирования даже при низком противодавлении. (Насос работает без шума).	a) Отсутствуют шумы или вибрации. Насос не вращается.	Двигатель не работает.	Подключите питание или замените двигатель, если он перегорел.
	b) Когда крышка маслониливого отверстия (F) удалена, проверьте уровень масла щупом. Поверхность не «хлюпает».	Двигатель крутится, но вал эксцентрика не работает. Плунжер не перемещается. Спиральный штифт или вал двигателя сломался.	Выньте двигатель и вал эксцентрика. Замените неисправные детали.
	c) Клапан деаэрации (M) вообще не сливает масло. Слишком низкий уровень масла. Посмотрите масляный щуп. Если всасывающий трубопровод закрыт, нет реакции на клапан избыточного давления.	Не хватает масла в насосе. Воздух проникает в манжет плунжера через управляющие отверстия.	Заполните маслом. Выпустите воздух из насоса, см. раздел 10. <i>Ввод в эксплуатацию.</i>
	d) Отсутствует расход дозирования на стороне нагнетания.	Дозирующая головка не заполнена. Линия всасывания пустая. Пустой бак.	Выпустите воздух из дозирующей головки. Долейте или замените бак на стороне всасывания.
2. Отсутствует расход дозирования даже при низком противодавлении. (Насос работает шумно, хотя клапан избыточного давления реагирует).	a) Клапан избыточного давления реагирует независимо от регулировки расхода дозирования. Обнаружение неисправности: Когда воздухоотводный винт дозирующей головки (V) открыт, появляется струя жидкости.	Клапан на стороне нагнетания закрыт. Противодавление превышает установленное давление в клапане избыточного давления.	Откройте клапан. Отрегулируйте клапан избыточного давления на более высокое давление, если конечно насос предназначен для этого. Никогда не перекрываете клапан.
		Нагнетательный клапан установлен в противоположном потоку направлении. Обратите внимание на стрелки на клапане.	Установите нагнетательный клапан правильно.
	b) Система защиты мембраны (AMS) реагирует. Клапан избыточного давления реагирует независимо от регулировки расхода дозирования. Обнаружение неисправности: Когда воздухоотводный винт дозирующей головки (V) открыт, отсутствует струя жидкости.	Клапан на стороне всасывания закрыт.	Откройте клапан.
		Фильтр на стороне всасывания засорен.	Очистите фильтр. При необходимости, замените.
		Заклинил всасывающий клапан (не открывается).	Разберите и проверьте всасывающий клапан.
	c) Система защиты мембраны (AMS) реагирует. Клапан избыточного давления реагирует при 100 % расхода дозирования. Если же уменьшается расход в диапазоне от 10 % до 20 %, этот клапан больше не реагирует.	Слишком сильная пружина всасывающего клапана.	Используйте подходящую пружину или возьмите параллельный шаровой клапан для проверки.
		Всасывающий клапан установлен в противоположном потоку направлении. Обратите внимание на стрелки на клапане.	Установите всасывающий клапан правильно.
	d) Система защиты мембраны (AMS) реагирует. Клапан избыточного давления реагирует при 100 % расхода дозирования. Если же уменьшается расход в диапазоне от 10 % до 20 %, этот клапан больше не реагирует.	Из дозирующей головки не полностью удалён воздух.	Заполните дозирующую головку полностью.
		Кавитация в насосе (дозирующая жидкость со слишком высокой вязкостью; дозирующая жидкость со слишком высоким давлением пара при рабочей температуре = обезгаживание жидкости; слишком большая высота всасывания; неправильная конструкция системы на стороне всасывания).	Используйте привод с меньшей частотой хода; используйте клапаны с большим номинальным сечением; реализуйте систему с положительным давлением на входе.
	Мембрана разорвана (не хватает масла в корпусе насоса; манжет плунжера).	Очистите и смажьте все детали маслом в соответствии с правилами. Затем вставьте новую мембрану.	



Неисправность	Диагностика	Причина	Способ устранения
3. Насос не выполняет дозирования или предохранительный клапан открыт.		Нагнетательный клапан насоса засорился или изношена шариковая направляющая из-за коррозии или из-за абразивной среды.	Демонтируйте нагнетательный клапан. Разберите и очистите; если направляющие изношены, замените клапан.
4. Слишком низкий расход дозирования.	a) Всасывающий клапан: Во время хода нагнетания поток дозирующей жидкости выходит в линию всасывания. Нагнетательный клапан: Во время хода нагнетания поток дозируемой жидкости выходит в дозирующую головку. Насос работает с меньшей производительностью.	Всасывающий или нагнетательный клапаны загрязнены или протекают.	Очистите или замените клапаны.
	b) Расход дозирования очень сильно зависит от давления. Если противодействие низкое, расход дозирования значительно увеличивается. Если растет частота хода, расход дозирования слишком сильно увеличивается.	Изношен манжет плунжера (обычно после длительного периода эксплуатации или из-за грязного масла). Слишком большой зазор между плунжером и золотником или слишком высокая частота хода насоса (слишком большая пробуксовка).	Замените кольцо с канавкой. Замените плунжер и его золотник. Используйте другое масло для гидравлических систем с более высокой вязкостью (в основном - для работы преобразователя частоты и высоких противодавлений).
	c) Обнаружение неисправности: После остановки насоса, вставьте блокировку клапана деаэрации (E) и запустите насос. Проверьте, не увеличивается ли расход дозирования. При остановленном насосе снова откройте клапан деаэрации (E).	Неисправность уплотнений клапана деаэрации (E). Клапан деаэрации (M) сливает слишком много масла.	Замените уплотнения. <b>Осторожно!</b> Если неправильно установлены уплотнения или если клапан деаэрации (E) регулировался во время работы, то это может повредить уплотнения. Правильно настройте и, при необходимости, замените клапан деаэрации (M).
	d) Клапаны деаэрации (M, E) больше не работают. Клапан деаэрации (M) вообще не сливает масло. Ненадолго закройте линию всасывания, чтобы поднялось давление. Установите расход дозирования приблизительно на 50 %. Манжет плунжера передает масло и воздух в бак через клапан избыточного давления. Новое масло выходит из бака и попадает в плунжер через отверстия.	Воздух накапливается в манжете плунжера. Воздух не может быть удален.	Проверьте настройки клапана деаэрации (M), при необходимости, замените клапаны (M, E).
	e) Манометр в напорной линии.	Слишком сильно увеличивается противодействие. Предохранительный клапан установлен на слишком низкое значение.	Отрегулируйте нулевую точку (DMH 281-288). Измените установки предохранительного клапана.
5. Насос работает со слишком высоким расходом дозирования.	a) Манометр в напорной линии.	Слишком сильно падает противодействие.	Отрегулируйте нулевую точку (DMH 281-288).
	b) Избыточная дозировка.	Входное давление на линии всасывания превышает противодействие выпускной линии.	Установите поднагруженный клапан.
	c) Передозирование при большом расходе дозирования.	Слишком большие динамические нагрузки в линии всасывания.	Установите демпфер пульсаций давления на стороне всасывания.

## 16. Утилизация изделия

Основным критерием предельного состояния изделия является:

1. отказ одной или нескольких составных частей, ремонт или замена которых не предусмотрен;
2. увеличение затрат на ремонт и техническое обслуживание, приводящее к экономической нецелесообразности эксплуатации.

Данное изделие, а также узлы и детали должны собираться и утилизироваться в соответствии с требованиями местного законодательства в области экологии.

## 17. Изготовитель. Срок службы

Изготовитель:

Концерн Grundfos Holding A/S,  
Poul Due Jensens Vej 7, DK-8850 Bjerringbro, Дания\*

\* точная страна изготовления указана на фирменной табличке оборудования.

Уполномоченное изготовителем лицо/Импортер\*\*:

ООО «Грундфос Истра»  
143581, Московская область, Истринский р-он,  
Павло-Слободское с/п, д. Лешково, д. 188

Импортер по Центральной Азии:

ТОО «Грундфос Казахстан»  
Казахстан, 050010, г. Алматы,  
мкр-н Кок-Тобе, ул. Кыз-Жибек, 7

\*\* указано в отношении импортного оборудования.

Для оборудования, произведенного в России:

Изготовитель:

ООО «Грундфос Истра»  
143581, Московская область, Истринский р-он,  
Павло-Слободское с/п, д. Лешково, д. 188

Импортер по Центральной Азии:

ТОО «Грундфос Казахстан»  
Казахстан, 050010, г. Алматы,  
мкр-н Кок-Тобе, ул. Кыз-Жибек, 7

Срок службы оборудования составляет 10 лет.

---

Возможны технические изменения.



**МАЗМҰНЫ**

	<b>Беті</b>	
<b>1. Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулар</b>	<b>37</b>	12.7 Қосарланған мембранасы бар мөлшерлеу бастиегіне арналған мембрананы айырбастау
1.1 Құжат туралы жалпы мәліметтер	37	12.8 Жарылыстан қорғалған сорғылар
1.2 Бұйымдағы символдар мен жазбалардың мәні	37	<b>13. Пайдаланудан шығару</b>
1.3 Қызмет көрсететін персоналдардың біліктілігі және оларды оқыту	38	13.1 Тоқтату
1.4 Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтарды сақтамаудың қауіпті зардаптары	38	<b>14. Техникалық сипаттамалар</b>
1.5 Жұмыстарды қауіпсіздік техникасын сақтай отырып орындау	38	14.1 Сорғының сипаттамалары
1.6 Тұтынушыға немесе қызмет көрсететін персоналдарға арналған қауіпсіздік техникасы туралы нұсқаулық	38	14.2 Дыбыстық қысым деңгейі
1.7 Техникалық қызмет көрсету, байқаулар мен құрастыруды орындау кезінде қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулар	38	14.3 AR басқару блогы
1.8 Қосалқы буындар мен бөлшектерін өз бетімен қайта жабдықтау және дайындау.	38	14.4 Электр деректері
1.9 Пайдаланудың жол берілмейтін режимдері	38	14.5 Мембрана айналысының кіріктірілген датчигі NCN8-18GK40-N0 (опция)
1.10 Мөлшерлеу сорғысында ақаулық болған жағдайдағы жүйенің қауіпсіздігі	38	14.6 Жиілік түрлендіргіш (опция)
1.11 Химиялық реагенттерді мөлшерлеу	38	14.7 Қуат бойынша талаптар
1.12 Мембрананың зақымдануы	39	14.8 Сыртқы орта және пайдалану жағдайлары
<b>2. Тасымалдау және сақтау</b>	<b>39</b>	14.9 Мөлшерленетін орта
<b>3. Құжаттағы символдар мен жазбалардың мәні</b>	<b>39</b>	14.10 Габаритты көлемдері
<b>4. Бұйым туралы жалпы мәліметтер</b>	<b>39</b>	14.11 Салмағы
4.1 Шартты типтік белгілері	40	14.12 Айналым көлемі
4.2 Сорғылардың типтері	41	14.13 Мөлшерлеу диаграммалары
4.3 Жалпы сипаттаулары	41	<b>15. Ақаулықтың алдын алу және жою</b>
4.4 Материалдары	43	<b>16. Бұйымды кәдеге жарату</b>
4.5 Мембрананың жарылуы датчигіне арналған түйісу манометрінің техникалық деректері (қосымша жабдық)	43	<b>17. Дайындаушы. Қызметтік мерзімі</b>
4.6 Жарылыстан қорғалған сорғылардың конфигурациясы	44	<b>Приложение 1.</b>
<b>5. Орау және тасымалдау</b>	<b>44</b>	<b>Приложение 2.</b>
5.1 Орау	44	<b>Приложение 3.</b>
5.2 Жылжыту	44	
<b>6. Қолданылу аясы</b>	<b>44</b>	
<b>7. Істен қағидаты</b>	<b>44</b>	
<b>8. Құрастыру</b>	<b>45</b>	
8.1 Орнату бойынша жалпы мәліметтер	45	
8.2 Сорғыны құрастыруға қойылатын талаптар	45	
8.3 Бекіту	46	
8.4 Пульсация демпферінің қолдану шарттары	46	
8.5 Сорғыны орнатудың типтік схемалары	46	
8.6 Орнату бойынша ұсыныстар	47	
8.7 Құбыр желілері	48	
8.8 Сорып алу және айдау желілерін қосу	48	
<b>9. Электр жабдықты қосу</b>	<b>49</b>	
9.1 Электрлі сервоқозғалтқыш (қосымша жабдық)	49	
9.2 Мембрананың жарылуы датчигі (қосымша жабдық)	49	
9.4 AR басқару блогы	50	
9.5 Жиілік түрлендіргіш (опция)	50	
9.6 Мембрана айналысының кіріктірілген датчигі (опция)	50	
<b>10. Пайдалануға беру</b>	<b>50</b>	
10.1 Сорғылардың алғашқы және соңғы іске қосылуларына қойылатын жалпы талаптар	50	
10.2 DMN 280 сорғысын алғашқы іске қосу/келесі іске қосулары	51	
10.3 DMN 281-288 сорғыларының алғашқы іске қосылуы/келесі іске қосылулары	52	
10.4 Сақтандыру клапанының қысымын баптау	53	
10.5 (DMN 281-288) нөлдік нүктесін реттеу	53	
10.6 Жарылыстан қорғалған сорғылар	54	
<b>11. Пайдалану</b>	<b>54</b>	
11.1 Пайдалануға қойылатын жалпы талаптар	54	
11.2 Жарылыстан қорғалған орындалымдағы сорғымен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасы ережелері	55	
11.3 Қосу/ажырату	55	
11.4 Мөлшерлеудің өндірімділігін баптау	55	
11.5 Ауалау	55	
11.6 AR басқару блогын қолдану (қосымша жабдық)	56	
11.7 Сервоқозғалтқыш (қосымша жабдық)	56	
11.8 Жиілік түрлендіргіш (опция)	56	
11.9 Мембрана айналысының кіріктірілген датчигі (опция)	56	
11.10 Электр жылытқышы бар мөлшерлеу бастиегі (опция)	56	
<b>12. Техникалық қызмет көрсету</b>	<b>56</b>	
12.1 Жалпы ескертулер	56	
12.2 Мембрананың жарылуын табу үшін мембранадан ағуды бақылау	56	
12.3 Тазалаудың және техникалық қызмет көрсетудің мерзімділігі	57	
12.4 Май деңгейін тексеру	57	
12.5 Сорып алатын және айдау клапандарын тазалау	57	
12.6 Жалғыз мембранасы бар мөлшерлеу бастиегіне (мембрананың жарылуы датчигісіз) арнап мембрананы және трансмиссиялық майды айырбастау	58	



**Ескертпе**  
*Жабдықты құрастыру бойынша жұмыстарға кіріспес бұрын атаулы құжатты мұқият оқу керек. Жабдықты құрастыру және пайдалану атаулы құжаттың талаптарына, сонымен қатар жергілікті нормалар мен ережелерге сай жүргізілуі тиіс.*

**1. Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулар**

**Ескертпе**  
*Атаулы жабдықты пайдалану осы туралы білімі мен қажетті жұмыс тәжірибесін иеленген персоналмен жүргізіледі. Физикалық, ақыл-ой мүмкіндіктерімен шектелген, көру және есту қабілеттерімен шектелген тұлғалар атаулы жабдықты пайдалануға жол берілмейді. Атаулы жабдыққа балалардың қолжетімділігіне тиым салынады.*

**1.1 Құжат туралы жалпы мәліметтер**

Төлқұжат, Құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулық, әрі қарай мәтін бойынша – Нұсқаулық, құрастыру, пайдалану және техникалық қызмет көрсету кезінде орындалуы тиіс қағидаттық нұсқауларды қамтиды. Сондықтан құрастыру және іске қосу алдында оларды персонал немесе тұтынушы міндетті түрде зерделеуі тиіс. Нұсқаулық ұдайы жабдықтың пайдаланатын жерінде тұруы қажет.

Тек «Қауіпсіздік техникасы нұсқаулықтары» бөлімінде келтірілген қауіпсіздік техникасы жөніндегі жалпы талаптарды ғана емес, сондай-ақ басқа бөлімдерде келтірілген қауіпсіздік техникасы жөніндегі арнаулы нұсқауларды да сақтау қажет.

**1.2 Бұйымдағы символдар мен жазбалардың мәні**

Жабдыққа тікелей түсірілген нұсқаулар, мәселен:

- айналу бағытын көрсететін нұсқар,
  - айдап қотару ортасын беруге арналған қысымды келте құбыр таңбасы
- міндетті түрде сақталуы және оларды кез-келген сәтте оқуға болатындай етіп сақталуы тиіс.

### 1.3 Қызмет көрсететін персоналдардың біліктілігі және оларды оқыту

Жабдықты пайдаланатын, техникалық қызмет көрсететін және бақылау тексерістерін, сондай-ақ құрастыруды орындайтын персоналдардың атқаратын жұмысына сәйкес біліктілігі болуы тиіс. Персоналдар жауап беретін және олар білуі тиіс мәселелер аясы бақылануы тиіс, сонымен бірге құзіреттерінің саласын тұтынушы нақты анықтап беруі тиіс.

### 1.4 Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтарды сақтамаудың қауіпті зардаптары

Қауіпсіздік техникасы нұсқаулықтарын сақтамау адам өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті зардаптарға соқтыруы, сонымен бірге қоршаған орта мен жабдыққа қауіп төндіруі мүмкін. Қауіпсіздік техникасы нұсқаулықтарын сақтамау сондай-ақ залалды өтеу жөніндегі барлық кепілдеме міндеттемелерінің жойылуына әкеп соқтыруы мүмкін.

Атап айтқанда, қауіпсіздік техникасы талаптарын сақтамау, мәселен, мыналарды туғызуы мүмкін:

- жабдықтың маңызды атқарымдарының істен шығуы;
- міндеттелген техникалық қызмет көрсету және жөндеу әдістерінің жарамсыздығы;
- электр немесе механикалық факторлар әсері салдарынан персоналдар өмірі мен денсаулығына қатерлі жағдай.

### 1.5 Жұмыстарды қауіпсіздік техникасын сақтай отырып орындау

Жұмыстарды атқару кезінде құрастыру және пайдалану жөніндегі осы құжатта келтірілген қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтар, қолданылып жүрген қауіпсіздік техникасы жөніндегі ұлттық нұсқамалар, сондай-ақ тұтынушыда қолданылатын жұмыстарды атқару, жабдықтарды пайдалану, қауіпсіздік техникасы жөніндегі кез-келген ішкі нұсқамалар сақталуы тиіс.

### 1.6 Тұтынушыға немесе қызмет көрсететін персоналдарға арналған қауіпсіздік техникасы туралы нұсқаулық

- Егер жабдық пайдалануда болса, ондағы бар жылжымалы буындар мен бөлшектердің қорғау қоршауларын бұзуға тыйым салынады.
- Электр қуатына байланысты қауіптің туындау мүмкіндігін болдырмау қажет (аса толығырақ, мәселен, ЭЭҚ және жергілікті энергиямен жабдықтаушы кәсіпорындардың нұсқамаларын қараңыз).

### 1.7 Техникалық қызмет көрсету, байқаулар мен құрастыруды орындау кезінде қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулар

Тұтынушы техникалық қызмет көрсету, бақылау тексерістері және құрастыру жөніндегі барлық жұмыстарды осы жұмыстарды атқаруға рұқсат етілген және олармен құрастыру және пайдалану жөніндегі нұсқаулықты егжей-тегжейлі зерделеу барысында жеткілікті танысқан білікті мамандармен қамтамасыз етуі тиіс.

Барлық жұмыстар міндетті түрде өшірілген жабдықта жүргізілуі тиіс. Құрастыру мен пайдалану жөніндегі нұсқаулықта сипатталған жабдықты тоқтату кезіндегі амалдар тәртібі сөзсіз сақталуы тиіс.

Жұмыс аяқтала салысымен, бірден барлық бөлшектелген қорғаныш және сақтандырғыш құрылғылар қайта орнатылуы тиіс.

### 1.8 Қосалқы буындар мен бөлшектерін өз бетімен қайта жабдықтау және дайындау.

Қондырғыны қайта жабдықтауға немесе түрлендіруге дайындаушының келісімімен ғана рұқсат беріледі.

Фирмалық қосалқы тораптар мен бөлшектер, сонымен қатар, дайындаушы фирма пайдалануға рұқсат берген жиынтық бұйымдар пайдаланудың сенімділігін қамтамасыз етуге арналған.

Басқа өндірушілердің тораптары мен бөлшектерін қолдану, мұның салдары нәтижесінде туындаған жауапкершіліктен бас тартуына себеп болуы мүмкін.

### 1.9 Пайдаланудың жол берілмейтін режимдері

Жеткізілетін жабдықты пайдалану сенімділігі тек «Қолданылу саласы» тарауына сәйкес функционалдық мақсатқа сәйкес қолданған жағдайда ғана кепілдік беріледі. Техникалық сипаттамаларда көрсетілген шекті мәндер барлық жағдайларда міндетті түрде сақталуы тиіс.

### 1.10 Мөлшерлеу сорғысында ақаулық болған жағдайдағы жүйенің қауіпсіздігі

Мөлшерлеу сорғысы дайындаушы-зауытта қабылдап-тапсыру сынағынан өткізілген. Дегенмен де, мөлшерлеу жүйесіндегі жұмыстың бұзылуы туындауы мүмкін. Мөлшерлеу сорғысы орнатылатын жүйелер мөлшерлеу сорғысының жұмысының бұзылуы жағдайында барлық жүйенің қауіпсіздігін қамтамасыз ететіндей болып жобалануы тиіс. Бұл үшін тиісті бақылау және басқару функциялары қарастырылған (AR нұсқасы).

*Сорғыдан немесе ақаулы желілерден ағатын реагенттер жүйенің компоненттерін және ғимаратты бүлдірмейтіндей шаралар қолдану қажет.*

*Жылыстауларды бақылайтын құрылғыларды, сақтандыру клапандарын қолдану және түпқойма-жинақтағыштарды құрастыру ұсынылады.*

### 1.11 Химиялық реагенттерді мөлшерлеу

*Ескертпе*

*Қорек кернеуін қайтадан қосар алдында мөлшерлеу желілерін мөлшерлеу бастиегіндегі реагенттер шашырамайтындай және адамдарды қауіпті жағдайда қалдырмайтындай қылып қосу керек.*

*Айдалатын орта қысыммен болады және қоршаған орта және адамдардың денсаулығы үшін қауіпті болуы мүмкін.*

*Ескертпе*

*Реагенттермен жұмыс істеу кезінде орнату орнында қолданылатын қауіпсіздік техникасы ережелерін орындау қажет (мысалы, қорғаныш киімін киіп жүру).*

*Реагенттермен жұмыс істеу кезінде реагентті өндірушіден берілген қауіпсіздік төлқұжаттарының нұсқауларын және қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтаған жөн.*

*Ескертпе*

*Ауыспалы ток қозғалтқыштары бар сорғылар ыстық болуы мүмкін. Желдеткіштің қаптамасына дейін 100 мм кем емес бос кеңістік болуы тиіс.*

*Мөлшерленетін орта сұйық агрегатты күйде болуы тиіс!*

*Мөлшерленетін ортаның қату немесе қайнау температурасын ескерген жөн!*

*Мөлшерленетін ортамен түйісетін тетіктердің қимиялық төзімділігі, мысалы мөлшерлеу бастиегінің, клапан шарының, төсемдердің және желілердің төзімділігі ортаның өзіне, оның температурасына және жұмыс қысымына байланысты болады.*

*Мөлшерленетін ортамен түйісетін тетіктердің жұмыс жағдайында тиісті химиялық төзімділігі бар екендігіне көз жеткізіңіз, «Материалдардың төзімділігі кестесі», «Мөлшерлеу сорғылары және керек-жарақтары» каталогын қар.*

*Егер Сізде материалдардың коррозиялық төзімділігіне және сорғыны белгілі бір мөлшерлеу ортасы үшін пайдалану мүмкіндігіне қатысты сұрақтар туындайтын болса Grundfos компаниясына жүгініңіз.*

Назар аударыңыз



Назар аударыңыз

Назар аударыңыз

### 1.12 Мембрананың зақымдануы



#### Ескертпе

Қорек кернеуін қайтадан қосар алдында мөлшерлеу желілерін мөлшерлеу бастиегіндегі реагенттер шашырамайтындай және адамдарды қауіпті жағдайда қалдырмайтындай қылып қосу керек.

Айдалатын орта қысыммен болады және қоршаған орта және адамдардың денсаулығы үшін қауіпті болуы мүмкін.

Мембрананың зақымдануы салдарынан қауіп туындауын болдырмас үшін, келесі нұсқаулықтарды басшылыққа алыңыз:

- Техникалық күтім жасауды жиі орындаңыз.

12. Техникалық қызмет көрсету тарауын қар.

- Ағып төгілетін мөлшерленетін сұйықтық мүлкіті бүлдірмейтіндей және денсаулыққа зиян келтірмейтіндей қажетті сақтандыру шараларын қолданыңыз.

- Мөлшерлеу бастиегінің бұрандасы зақымданған немесе жеткіліксіз тартылған сорғыны пайдалануға тыйым салынады.

### 2. Тасымалдау және сақтау

Жабдықты тасымалдауды жабулы вагондар, жабық машиналар, әуе, өзендік немесе теңіз көлігімен жүргізу керек.

Жабдықты тасымалдау талаптары механикалық факторлар әсері жағынан 23216 МемСТ «С» тобына сәйкес келуі керек.

Жабдықты тасымалдау барысында көліктік заттарға өздігінен жылжуларының алдын алу мақсатында сенімді бекітілуі керек.

Жабдықты сақтау шарттары 15150 МемСТ «С» тобына сәйкес келуі тиіс.

- Жол берілетін сақтау температурасы: -20 °C ден +50 °C дейін
- Жол берілетін ауаның ылғалдылығы: мейілінше салыстырмалы ылғалдылығы: +40 °C кезінде 70 %, +35 °C кезінде 90 %.

Белгіленген ең ұзақ сақтау мерзімі 2 жыл. Сақтау мерзімі ішінде консервациялау талап етілмейді.

### 3. Құжаттағы символдар мен жазбалардың мәні



#### Ескертпе

Аталған нұсқауларды сақтамау адамдардың денсаулығына қауіпті жағдайларға әкеліп соғуы мүмкін.



#### Ескертпе

Аталған нұсқауларды сақтамау электр тогы соғуының себебі болуы мүмкін және адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіпті салдарға әкеліп соғуы мүмкін.



#### Ескертпе

Осы ережелер жарылыстан қорғалған құрылғылармен жұмыс істеу кезінде сақталуы тиіс. Сонымен қатар стандарты орындалудағы құрылғылармен жұмыс істеу кезінде де осы ережелері сақтау ұсынылады.



#### Ескертпе

Құрылғының ыстық беттерімен жанасу күйік алуға немесе ауыр дене жарақаттарын алуға әкеліп соғуы мүмкін.

Назар аударыңыз

Орындамауы жабдықтың істен шығуын, сонымен қатар оның ақауын туындататын қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулар.

Нұсқау


Жабдықты қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ететін және жұмысты жеңілдететін ұсынымдар мен нұсқаулар.

### 4. Бұйым туралы жалпы мәліметтер

Осы Нұсқаулық DMH-28X сорғыларына таратылады (DMH 280, 281, 283, 285, 286, 287, 288), соның қатарында жарылысқорғанышты орындалудағы.



1-сур. Фирмалық тақташа



2-сур. Жарылыстан қорғалған сорғының фирмалық тақташасы

#### Айқ. Сипаты

1	Типтік белгісі
2	Моделі
3	Ең көп өндірімділігі [л/сағ]
4	Кернеуі [В]
5	Жиілігі [Гц]
6	Бұйымның нөмірі
7	Дайындаушы ел
8	Шығарылған күні [жыл/апта]
9	Нарықтағы айналым белгілері
10	Ең жоғары қысымы [бар]
11	Сериялық нөмірі
12	Сорғының электрлі емес бөлігінің жарылыстан қорғалу маркалануы (94/9/ЕС директивасына сәйкес)

#### 4.1 Шартты типтік белгілері

<b>Мысалы:</b>	DMH 27 - 100 B SS-L /V /SS -X -E 2 A1A1 X E0	
<b>Сорғы типі</b> DMH		<b>Қозғалтқыш нұсқасы</b> E0 Жиілікті басқаруға арналған оң ТКС бар резисторлы қозғалтқыш E1 II 2G EEx e II T3 қозғалтқыш типі, 3 x 400 В, 50 Гц E2 Қозғалтқыш типі II 2GD EEx de IIC T4, 3 x 400 В, 50 Гц E3 API сәйкес бекітілді
<b>Мейлінше жоғары шығын [л/сағ]</b>		<b>Қорек ажыратқышы</b> X Ажыратқышсыз F ЕС (қорғаныш түйістірусіз) B АҚШ, Канада I Аустралия, Жаңа Зеландия E Швейцария
<b>Мейлінше жоғары қысым [бар]</b>		<b>Жалғаным, сорып алу/айдау сызығы</b> B6 Муфта, 4/6 мм C2 Муфта, 8/10 мм C4 Муфта, 20/25 мм 4 Құбырша, 6/9 мм 6 Құбырша, 9/12 мм B9 Құбырша, 19/27 мм, ПВХ Q Құбырша, 19/27 мм және 25/34 мм S Құбырша, 3/8" / 1/2" A Бұрандалы, Rp 1/4, ішкі бұрандасымен A1 Бұрандалы, Rp 3/4, ішкі бұрандасымен V Бұрандалы, 1/4" NPT, ішкі бұрандасымен A9 Бұрандалы, 1/2" NPT, сыртқы бұрандасымен A3 Бұрандалы, 3/4" NPT, ішкі бұрандасымен A7 Бұрандалы, 3/4" NPT, сыртқы бұрандасымен B1 Құбырша/желімделген 6/12 мм, 12 мм диаметр B2 Құбырша/желімделген 13/20 мм, 25 мм диаметр B3 Дәнекерленген, 16 диаметр B4 Дәнекерленген, 25 диаметр
<b>Басқару жүйесінің орындалымы</b> B Стандартты (қолмен) AR* AR басқару блогы (Ұқсас/импульсті басқару) S1 Шығыс айналым сигналы AT0 Сервоқозғалтқыш үшін дайындалған AT3 Сервоқозғалтқыш, қорек 1-фаза, 230 В, 50/60 Гц, 4-20 мА басқару AT5 Сервоқозғалтқыш, қорек 1-фаза, 115 В, 50/60 Гц, 4-20 мА басқару AT6 Сервоқозғалтқыш, қорек 1-фаза, 230 В, 50/60 Гц, 4-20 мА басқару, EEx d II BT 4 класы AT7 Сервоқозғалтқыш, қорек 1-фаза, 115 В, 50/60 Гц, 4-20 мА басқару, EEx d II BT 4 класы AT8 Сервоқозғалтқыш, қорек 1-фаза, 230 В, 50/60 Гц, 4-20 мА басқару, 1 кОм потенциометр AT9 Сервоқозғалтқыш, қорек 1-фаза, 115 В, 50/60 Гц, 4-20 мА басқару, 1 кОм потенциометр		
<b>Мөлшерлеу бастиегінің орындалымы</b> SS Тот баспайтын болат DIN 1.4571 Y Hastelloy® C SS-L SS + мембрана жарылысының кіріктірілген датчигі Y-L Y + мембрана жарылысының кіріктірілген датчигі SS-H SS + мөлшерлеу бастиегіндегі қыздыру ернемегі (электрлі)		
<b>Тығыздағыш материал</b> E EPDM (этилен-пропилен-диенді сополиметр) V FKM (фторэластомерлер) T Тефлон		
<b>Шарлы клапан материалы</b> SS Тот баспайтын болат DIN 1.4401 Y Hastelloy® C		
<b>Басқару панелін орналастыру</b> X Басқару панелінсіз F Фронтальді құрастыру (мөлшерлеу бастиегіне қарама-қарсы) S Бүйірінен (айналым ұзындығының тұтқасы жағында) Sx Бүйірінен (айналым ұзындығының тұтқасына қарама қарсы жағында) W Қабырғаға құрастыру		
		<b>Клапан типі</b> 1 Стандартты 2 Серіппе астылы, 0,05 бар сорып алу саңылауын ашу қысымы; 0,05 бар шығыс саңылауын ашу қысымы
		<b>Қорек кернеуі</b> 0 Қозғалтқышсыз, IEC ернемегі F Қозғалтқышсыз, NEMA ернемегі (АҚШ) G 1 фаза, 230 В, 50/60 Гц H 1 фаза, 120 В, 50/60 Гц 5 3 фазалар, 230/460 В, 60 Гц E 230/400 В, 50/60 Гц 440/480 В, 60 Гц K 3 фазалар, 500 В, 50 Гц

\* 0,37 кВт қуаты бар сорғылар ғана және тек бір фазалы қорегі бар сорғылар



## 4.2 Сорғылардың типтері

Сипаттамалары және көлемдері бойынша ерекшеленетін әртүрлі DMH28x мөлшерлеу сорғылары бар.


Сорғының типі мен белгісін фирмалық тақташадан қар.

## 4.3 Жалпы сипаттаулары


DMH-28x - бұл мембрананы гидравликалық басқаруы бар көлемді ығыстырудың мембраналы сорғылары. Сорғылардың құрылымы 3-7 сур. ұсынылған.

DMH 28x сорғылары келесі қосымша жабдықтармен жеткізіледі:


- Сервоқозғалтқыш (9.1, 11.7 т. қар. жүріс ұзындығын реттеу тұтқасына бекітіледі және 0(4)-20 мА ұқсас сигнал бойынша сорғының өндірімділігін реттеуге мүмкіндік береді;
- Электрлі қыздырғышы бар мөлшерлеу бастиегі (11.10 т. қар.);
- Сұйықты жылутасығышы бар мөлшерлеу бастиектері (8.8.2 т. қар.);
- Мембрананың жарылуы датчигі (9.2 т. қар.);
- AR басқару блогы (9.4; 11.6; 14.3 т. қар.);
- Жиілік түрлендіргіш (9.5; 11.8; 14.6 т. қар.);
- Мембрана жүрісінің кіріктірілген датчигі (9.6; 11.9; 14.5 т. қар.).




3-сур. DMH 280



TM03 6855 4506




4-сур. DMH 281




TM03 6856 4506






5-сур. DMH 283

TM03 6657 4506



6-сур. DMH 285, 286, 287

TM03 6658 4506



7-сур. DMH 288

TM03 6659 4506

**Айқ. Компоненттері**

1р	Қозғалтқыш
2р	Тісті беріліс
3р	Эксцентрик
4р	Қайтару серіппесі
5р	Бөліп таратқыш
6р	Плунжер
7р	Кулиса
M	Артық қысымның және деарацияның құрамдастырылған клапаны (сақтандырғыш клапан)

E	Ауала клапаны
9р	Мембрананы қорғау жүйесі (AMS)
Q	Мөлшерлеу мембранасы
2	Мөлшерлеу бастиегі
V	Мөлшерлеу бастиегінің ауашығарғыш бұрандасы
3a	Сорып алу клапаны
3b	Айдау клапаны
L	Жүріс ұзақтығын реттеу тұтқасы
F	Өлшеуге арналған қуыс бұрғысы бар май құю саңылауының бұрандалы қақпағы

#### 4.3.1 Артық қысымның және деаэрацияның құрамдастырылған клапаны (сақтандырғыш клапан)

Мөлшерлеу жүйесінде артық қысым құрылған жағдайда артық қысымның және деаэрацияның құрамдастырылған клапаны (М) ашылады және ортадан үздіксіз газдың шығарылуын келтіреді.

#### 4.3.2 (AMS) Мембрананы қорғау жүйесі

(AMS) Мембрананы қорғау жүйесі (9р) екі жақты клапан болып келеді, оның бір жақ беті мембранаға тиіп тұрады.

Мөлшерлейтін мембрана мөлшерлеу бастиегінде еркін қозғалыста болады және мөлшерлеу жүйесіндегі ақаулықтар салдарынан шамадан артық жүтелмейді, өйткені бұндай ақаулықтар туындаған жағдайда мембрананы қорғау клапаны жабылып қалады.

#### 4.3.3 Қосарланған мембрана жүйесі/мембрананың жарылуы датчигі

##### Жалпы мәліметтер

Плунжерлі-мембраналы және жоғары технологиялық мембрананың жарылуы датчигі бар нөлдік деңгейі бір орында тұрмайтын мөлшерлеу сорғылары келесі құрылғылармен жабдықталған:

- қосарланған тефлонды мембранасы бар мөлшерлеу бастиегі;
- кіріктірілген түйісу манометрі бар жұмыр кері клапан.

##### Қосарланған мембранасы бар жүйе


Мембрананың жарылуы датчигі жоқ қосарланған мембранасы бар жүйелі мөлшерлеу сорғылардың манометрі болмайды.

Бұндай жағдайда жұмырлы кері клапаны блоктау буынымен орнатылады. Бірақ түйісу манометрін пайдалану кезінде клапан жаңартылуы мүмкін.

##### Жұмырлы кері клапан

Мембрананың жарылуы датчигі жұмыс істеп мембрананың қорғалуын қамтамасыз етуі үшін, саңылау толығымен ауаланған болуы тиіс.

Қосарланған мембранасы бар мөлшерлеу клапандары толтыру немесе деаэрация (2u) кезінде ауаның қайтарылуын болдырмау үшін, жұмырлы кері клапанмен (Т) жабдықталған.



TM03 6463 4506

8-сур. Түйісу манометрі

##### Айқ. Компоненттері

S	Түйісу манометрі
T	Жұмырлы кері клапан
U	Жалғауыш буыны

2) Түйісу манометрісіз (мембрананың жарылуын табусыз) қосарланған мембранасы бар мөлшерлеу бастиегіне арнап, түйісу манометрінің орнына блоктау буыны орнатылады.

##### Мембрананың жарылуын табу атқарылымының қағидаты

Кері клапан және айырғышпен (парафин майы) толтырылған мембраналар арасындағы саңылау зауытта орнатылады. Олар іске қосу кезінде сынақ стендінде клапан мен мембрана саңылауы арасында әрдайым гидравликалық бөлінетіндей болып бапталады (сорғы жұмыс істеп тұрса да және тоқтатылса да манометр «0» көрсетеді).

Мембраналардың біреуі жарылған жағдайда мөлшерленетін орта немесе жұмыс сұйықтығы мембраналардың арасындағы саңылауға кіреді, және егер жұмыр алынып тасталған болса, онда клапанға да кіреді. Жүйенің қысымы клапанға әсер береді. Соның нәтижесінде түйісу манометрі іске қосылады. Жүйенің құрылымына байланысты, электрлі оқшауланған геркон авариялық сигнализация құрылғысын іске қоса алады немесе сорғыны ажыратады.

Сыртқы сигнал кестеде көрсетілген берілген қысым кезінде іске қосылады:

Сипаты және пайдаланылуы	Қысымды баптау [бар]
Қысымы 16 дан 100 бар дейінгі сорғылар үшін Диапазоны 0 ден 100 бар дейінгі манометр	10
Қысымы 16 дан 100 бар дейінгі сорғылар үшін Диапазоны 0 ден 100 бар дейінгі жарылыстан қорғалған манометр	10
Қысымы 200 бар дейінгі сорғылар үшін Диапазоны 0 ден 200 бар дейінгі манометр	10
Қысымы 200 бар дейінгі сорғылар үшін Диапазоны 0 ден 200 бар дейінгі жарылыстан қорғалған манометр.	10



##### Ескертпе

Коммутациялайтын күшейткіші бар, жарылыстан қорғау орындалымындағы түйісу манометрі (Ex) егер сорғыда жарылыстан қорғалған қозғалтқыш орнатылған жағдайда ғана қолданылуы тиіс.

#### 4.4 Материалдары

##### Сорғының корпусының материалы

- Сорғының корпусы: Al 226.

##### AR басқару блогының корпусы

- Корпустың жоғарғы бөлігі: PPO-компаунд;
- Корпустың төменгі бөлігі: алюминий.



##### Ескертпе

Химикаттармен жұмыс істеу кезінде химикаттарды өндірушінің қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулығын сақтаңыз! Сорғының мөлшерлеу ортасына сәйкес келетіндігіне көз жеткізіңіз.

Ортамен түйісетін тетіктер материалының төзімділігі ортаның сипатына, оның температурасына және жұмыс қысымына байланысты болады. Мөлшерлеу кезінде ортамен түйісетін тетіктердің химиялық төзімділігі пайдалану шарттарына сәйкес келетіндігіне көз жеткізіңіз!

Назар аударыңыз

Ортаға, орта температурасы және жұмыс қысымына байланысты химиялық төзімділік туралы қосымша ақпарат талап ету бойынша ұсынылады.

Нұсқау

#### 4.5 Мембрананың жарылуы датчигіне арналған түйісу манометрінің техникалық деректері (қосымша жабдық)

Түйісу манометрінің электрлі оқшауланған түйісуі бар, ең жоғары коммутациялайтын қуаттылығы 10 Вт, тұрақты токқа арналған және 10 ВА ауыспалы токқа арналған герконды ауыстырып қосқышы бар.

Ең жоғары коммутациялайтын кернеуі 100 В құрайды, ең жоғары коммутациялайтын ток - 0,5 А.

Ауыстырып қосу функциясы қалыпты тұйықталған түйісуге орнатылған. яғни мембрана жарылған жағдайда өтіп жатқан ток үзіледі.

Манометрдің ұзындығы 2 метр кабелі бар.

#### 4.6 Жарылыстан қорғалған сорғылардың конфигурациясы

Назар аударыңыз

*Кестеге сәйкес конфигурацияланбаған сорғылар әлеуетті жарылыс қауіпті атмосферада пайдаланылмайды.*

Ерекшеліктері	Сипаты
Алдыңғы панель	Металдан жасалған
Электронды жүйе	Электронды жүйесіз

#### Мембрананың жарылуы датчигі

Жарылыстан қорғалу орындалуындағы DMH сорғылары 0 Ex ia IIC T6 Ga, Ex iaD 20 T95°C манометрі бар [Ex ia Ga] IIC, [Ex iaD] мембрананың жарылуы датчигімен қосымша жабдықталуы мүмкін.

Назар аударыңыз

*Өзге типті мембрананың жарылуы датчигі бар сорғылар әлеуетті жарылыс қауіпті атмосферада пайдаланылмайды*

#### Мөлшерлеу бастиегі және клапандар

Назар аударыңыз

*Тот баспайтын болаттан жасалған клапандар металдан жасалмаған мөлшерлеу бастиектерімен үйлестіріліп пайдаланылмайды.*

Мөлшерлеу бастиегінің материалы және көлемі (сорғының типіне байланысты) сорғының IIB немесе IIC орта тобына байланысты әлеуетті жарылыс қауіпті атмосферада пайдалануға жарамдылығын анықтайды.

Мөлшерлеу бастиегінің материалы	DMH 28X
PVC	IIC
DIN 1.4571 тот баспайтын болат	IIC
DIN 2.4610 тот баспайтын болат	IIC
PP	IIC
PVDF	IIC

#### Ескертпе

*Электрлі емес бөлігінің болуы мүмкін Ex маркаулары:*

- II Gb c IIC T130°C
- III Db c IIC T130°C
- II Gb c IIB T130°C
- III Db c IIB T130°C



*Электрлі бөлігінің болуы мүмкін Ex маркаулары (орнатылған электр қозғалтқышына байланысты):*

1. Siemens
  - 1 Ex e II T3 Gb
2. EXPOW
  - 1 Ex d e IIC T4 Gb
  - Ex tD A21 IP65 T125°

#### Ескертпе

*Сорғының электрлі емес бөлігінің «с» құрылымдық қауіпсіздік қорғанышы» жарылыстан қорғану түрі бар.*

*Электр қозғалтқышты жарылыстан қорғауды қамтамасыз ету құралдары тиісті электр қозғалтқыштың құрастыру және пайдалану бойынша Нұсқаулығында көрсетілген (жеткізу жиынтығына кіреді).*



### 5. Орау және тасымалдау

#### 5.1 Орау

Жабдықты алған кезде, орамды және жабдықтың тасымалдау барысында орын алуы мүмкін зақымдануының бар-жоғын тексеріңіз. Орамды тастамас бұрын оның ішінде құжаттар немесе ұсақ бөлшектер қалмағанын тексеріңіз. Егер алынған жабдық сіздің тапсырысыңызға сәйкес келмесе, жабдықты жеткізушіге хабарласыңыз.

Егер жабдық тасымалдау кезінде зақымданған болса, көлік компаниясымен байланысыңыз және жабдықты жеткізушіге хабарласыңыз.

Жабдықтаушының мүмкін болатын зақымдануларды мұқият қарауға құқығы бар.

#### 5.2 Жылжыту



#### Ескертпе

*Қолмен жүзеге асырылатын көтеру және тиеу-түсіру жұмыстарына қатысты жергілікті нормалары мен ережелеріне шектеуді сақтау қажет.*

Назар аударыңыз

*Құрылғыны тұтыну кабелінен көтеруге рұқсат етілмейді.*

### 6. Қолданылу аясы

Қарапайым орындалымдағы DMH сорғылары сұйық, абразивті емес және тұтанбайтын ортаны осы Нұсқаулықтың нұсқауларын қатаң сақтай отырып мөлшерлеуге арналған.

DMH сорғылары пайдаланудың күрделі жағдайларында қолдануға тамаша келеді:

– Электр стансалары:

- Қазандықтағы суды, салқындататын суды және технологиялық суды (шикі суды тазарту, ионалмастырғыштарға арналған реагенттер, суды қосымша тазарту, су ағындарын зарасыздандыру) өңдеуге арналған әртүрлі химиялық заттектерді мөлшерлеу.
- Көтеріңкі қысым аймақтарында аммиакты, гидразинді, фосфаттарды мөлшерлеу (мысалы, қазандық суды беру).

– Мұнайхимия өнеркәсібі, мұнай және газ өнеркәсібі, мұнай өңдеу зауыттары:

- Тазартылған және технологиялық суды дайындауға арналған реагенттерді мөлшерлеу;
- Мұнай құбырларына майлауды мөлшерлеу;
- Мұнай құбырларын қорғауға арналған коррозияға қарсы реагенттерді және ингибиторларды мөлшерлеу;
- Катализаторлар мен қоспаларды мөлшерлеу;
- Жылыстау жағдайында қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін, газды иістендіру.

– Ауыз суды және техникалық суды өңдеу:

- Пайдаланудың қатал жағдайлары (ыстық климат, шөл, үй-жайдан тыс жерде орнату);
- Көтеріңкі шығын және қысым.

– Ex-аймақтары (тек жарылыстан қорғалған орындалымындағы сорғылар).

– Тез жанғыш сұйықтықтарды мөлшерлеу (тек жарылыстан қорғалған орындалымындағы сорғылар):

- Ағын суларды тазарту процесінде спирттерді мөлшерлеу;
- Аэропорттардың үй-жайларында және машина құрылысында керосинді және бензинді тазарту;
- Этанол мен метанолды мөлшерлеу;
- Ет және нанды қаптау процесінде дезинфекциялау үшін, ас спиртін мөлшерлеу.

### 7. Істен қағидаты

Төменде сипатталған компоненттердің белгіленулері 3-7-сур. жатады.

Қозғалтқыштың білігінің айналмалы қозғалысы (1p) тісті беріліс (2p) және эксцентрик (3p) арқылы плунжердің ілгерілемелі қозғалысына қайта түрленеді. Плунжердің жетек маңайындағы майдың және плунжердің жүрісі әсерінен мембранаға әсерін тигізетін май арасындағы гидравликалық байланысты қамтамасыз ететін білікті және бірнеше радиальды саңылаулары бар. Бөліп таратқыш (5p) плунжердің жүрісі процесінде радиальды саңылауларды жабады және плунжердің жүру аймағын жетек аймағынан бөледі.

Майдың әсерінен тұтас тефлонды мембрананың (Q) жылжуы мөлшерлеу бастиегінен (2) мөлшерленетін заттектің эквивалентті көлемін шығару желісіне ығыстырады. Сорып алу кезінде плунжер мөлшерлеу бастиегіне берілетін төмен қысым құрады; мөлшерлеу жағындағы шоғырлы клапан (3b) жабылады және мөлшерленетін орта сорып алу клапаны (3a) арқылы мөлшерлеу клапанына ағады.

Жүру көлемі тек қана бөліп таратқыштың күйімен анықталады. Плунжер жүрісінің белсенді ұзақтығы және тиісінше мөлшерлеу шығыны үздіксіз өзгеруі мүмкін және желі бойымен 10% тен 100% дейінгі диапазонында бөліп тарату жүрісін реттеу (5p) тұтқасын қолдана отырып (L).

## 8. Құрастыру

**Жарылыстан қорғалған жабдықты құрастыру тек тиісті біліктілігі бар адаммен орындалады және тексеріледі. Сіз жеке электрлі компоненттерімен бірге жеткізілетін құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулықты оқығандығыңызға көз жеткізіңіз. Жүйені құрастыру кезінде Сіз ұлттық нормалар мен ережелерді ұстанғаныңызға көз жеткізіңіз.**

Назар аударыңыз

Сақтандыру клапаны (жарылыстан қорғалған сорғылар)



**Ескертпе**  
Егер сорғы жүйедегі қысымның жалғыз көзі болатын болса, онда шығару желісіне сақтандыру клапанын орнатудың қажеті жоқ.

Сорып алу желісі (жарылыстан қорғалған сорғылар)



**Ескертпе**  
Мөлшерлеу ортасындағы қоспалар мембрананы немесе мөлшерлеу бастиегінің тегеурінді желісінің блогын зақымдауы мүмкін.  
Сорып алу желісіне сүзгі орнату (саңылауының көлемі 1,5мм) мембрананың зақымдануын және тегеурінді жағындағы бітелудің салдарынан қысымның ұлғаюын болдырмайды.

Беру режиміне арналған қондырғы (жарылыстан қорғалған сорғылар)



**Ескертпе**  
Сорғы тіпті іске қосу мен жөндеу/қайталап пайдалануға енгізу кезінде де құрғақ жұмыс істемеуі тиіс.

Сорғы мөлшерлеу бастиегіне мөлшерленетін ортаның ағынын құратындай болып, сорғыны іске қосқан кезде тегеурінді құбыр желісі деаэрирленетіндей болып орнатылуы тиіс.

Мөлшерленетін ортаны ағызып жіберу (жарылыстан қорғалған сорғылар)

Заттекті қауіпсіз ағызып жіберу желісі сақтандыру клапандарына жалғанған болуы тиіс (сорғының айдайтын жағындағы тегеурінді құбыр желісіндегі сақтандыру клапаны сияқты) немесе тұтанатын орта ағызылатын шығару клапандарына жалғануы тиіс.

Назар аударыңыз

**Заттекті қауіпсіз ағызып жіберу адамдарға немесе мүлікке қауіп төндірмейтін бағытта орындалуы тиіс.**

Құрғақ жұмыс істеуден қорғану / берілуді көрсеткіш (жарылыстан қорғалған сорғылар)



**Ескертпе**  
Бактар толы болмаған кезде жарылысқауіпті қоспалар бұға айналып кетуі мүмкін. Жанатын газдардың сақтау бактарынан қоршаған кеңістікке көшуін болдырмас үшін сорғы құрғақ жұмыс істемеуі тиіс.

Құрғақ жұмысты болдырмас үшін, клиент бактарға деңгей индикаторын орнатуы тиіс немесе сорғының айдау жағына ағыс индикаторын орнатуы тиіс.

Назар аударыңыз

Ауа сорып алуы болмауы тиіс. Сорып алу желісінің герметикалы екендігін жиі тексеріңіз.

8.1 Орнату бойынша жалпы мәліметтер



14. Техникалық сипаттамалар тарауында ұсынылған мөлшерлеу сорғысын құрастыру және қолдану бойынша талаптарды орындаңыз.

**Ескертпе**  
Ақаулар, дұрыс жұмыс істемеу немесе сорғының немесе жүйенің зақымдануы, мысалы, артық немесе жеткіліксіз мөлшерлеуге, немесе әдеттегі қысымның артуына әкеліп соғуы мүмкін. Қатты ақаулықтар немесе зақымдар оператормен бағалануы тиіс; оларды жою бойынша тиісті шаралар қолданылуы тиіс!



**Ескертпе**  
Ауыспалы токтың, мөлшерлеу сорғыларының қозғалтқыштары ыстық болуы мүмкін.  
Желдеткіштің қаптамасына дейін 100 мм кем емес бос кеңістік болуы тиіс!



Сорғының дұрыс жұмыс істеуі үшін сорып алатын және айдау клапандарының арасына 2 бар кем емес қысымның оңтайлы айырмашылығы қажет болады.

Егер жиынтықталған қысымға қарсылық (мөлшерлеу нүктесінде) және сорып алу клапаны мен мөлшерлеу нүктесі арасындағы биіктіктің геометриялық айырмашылығы 2 бар (су бағанының 20 м.) төмен құрайтын болса, тікелеу мөлшерлеу нүктесінің алдына қысымды қалыпты күйде ұстайтын клапан орнату қажет.

Нұсқау

8.2 Сорғыны құрастыруға қойылатын талаптар

8.2.1 Жұмыс істеуге және техникалық қызмет көрсету үшін қажетті кеңістік

Сорғы жұмыс уақытында қалай болса, техникалық қызмет көрсету кезінде де еркін қол жететіндей болып орнатылуы тиіс.

Нұсқау

Мөлшерлеу бастиегінің және клапандардың техникалық қызмет көрсетуі ұдайы түрде жасалуы керек.

- Мөлшерлеу бастиегін және клапандарды ағытып алу үшін, жеткілікті бос кеңістікті қамтамасыз етіңіз.

8.2.2 Жол берілетін сыртқы жағдайлар

14.6 Сыртқы орта және пайдалану шарттары тарауын қар.

Нұсқау

Орнату орны жабық болуы тиіс!  
Ашық жерде орнатпаңыз!

8.2.3 Орнатуға арналған жер

Сорғы теріс, көлденең жерде орнатылуы тиіс.



### 8.3 Бекіту

- Төрт бұранданы қолдана отырып, сорғыны консолға немесе сорғының фундаментиіне бекітіңіз

**Нұсқау** *Мөлшерлеу кезінде сұйықтықтың ағыны ауырлық күшіне қарама-қарсы бағытта жылжуы тиіс!*

### 8.4 Пульсация демпферінің қолдану шарттары


**Назар аударыңыз** *Сорғының зақымдану қаупі! Әрдайым ағын жылдамдығы жоғары үлкен сорғылар үшін қысымды пульсациялау демпферін қолдану ұсынылады. Пульсациялар көптеген факторларға байланысты болатындықтан, нақты есептеулерді қолданған маңызды. Деректерді есептеу бағдарламасынан сұратыңыз.*

Төменде келтірілген кестеде сорғылардың әртүрлі типтеріне арналған пульсацияның демпферленуі талап етілмейтін жобалау мәндері келтірілген (сорып алу желісінің номиналды диаметрі және ең жоғары ұзындығы). Бұл мәндер мөлшерлеу сорғысын суда немесе осыған ұқсас сұйықтықтармен жиілігі 50 Гц жұмыс істеу кезінде қолданбалы.

Сорғының типі	Айналым жиілігі [п/мин]	Сорып алу желісінің номиналды диаметрі	ең жоғары ұзындығы [м]
<b>DMH 280</b>			
DMH 0.6-200	29	DN 4	8
DMH 1.3-200	63	DN 4	8
DMH 2.2-200	96	DN 4	8
DMH 2.5-200	120	DN 4	8
DMH 3.3-200	144	DN 4	8
<b>DMH 281</b>			
DMH 2-100	29	DN 8	8
DMH 4.2-100	63	DN 8	8
DMH 6.4-100	96	DN 8	8
DMH 8-100	120	DN 8	8
DMH 9.6-100	144	DN 8	8

Сорғының типі	Айналым жиілігі [п/мин]	Сорып алу желісінің номиналды диаметрі	ең жоғары ұзындығы [м]
<b>DMH 283</b>			
DMH 10-100	26	DN 20	8
DMH 19-100	54	DN 20	8
DMH 27-100	75	DN 20	8
DMH 33-100	92	DN 20	8
DMH 40-100	112	DN 20	8
DMH 55-100	153	DN 20	6
<b>DMH 285</b>			
DMH 20-100	28	DN 20	8
DMH 40-100	56	DN 20	8
DMH 52-100	73	DN 20	8
DMH 70-100	98	DN 20	6
DMH 80-100	112	DN 20	5
DMH 105-100	146	DN 20	3
<b>DMH 286</b>			
DMH 170-50	112	DN 20	2,5
DMH 222-50	146	DN 20	1,5
DMH 85-50	56	DN 20	2,5
DMH 111-50	73	DN 20	2,5
<b>DMH 287</b>			
DMH 9-200	28	DN 8	8
DMH 18-200	56	DN 8	8
DMH 23-200	73	DN 8	4
DMH 31-200	98	DN 8	3
DMH 36-200	112	DN 8	2
DMH 50-200	146	DN 8	1
<b>DMH 288</b>			
DMH 3-200	26	DN 8	8
DMH 7.5-200	54	DN 8	8
DMH 10-200	75	DN 8	4
DMH 13-200	92	DN 8	3
DMH 15-200	112	DN 8	2
DMH 21-200	153	DN 8	1

### 8.5 Сорғыны орнатудың типтік схемалары



9-сур. Тиімді орнату үлгісі

Айқ. Компоненттері
1i Мөлшерлеу бағы
2i Электр араластырғышы
3i Калибрлеу цилиндрі
4i Сорып алу желісіндегі қысым пульсациясының демпфері
5i Мөлшерлеу сорғысы
6i Сақтандырғыш клапан


Айқ. Компоненттері
7i Қысымды қалыпта ұстайтын клапан
8i Айдау желісіндегі қысымды пульсациялау демпфері
9i Ағын индикаторы
10i Инъекциялық клапан
15i Сүзгі

TM03 6296 4506



## 8.6 Орнату бойынша ұсыныстар


- Мөлшерлеу бастиегінің деаэрациялануын жеңілдету үшін, тікелей айдау клапанынан кейін (мөлшерлеу клапанының артына) байпасты желісі бар жұмырлы клапан орнатыңыз (11i).
- Айдау желілері ұзын болған жағдайда айдау клапанына кері клапан орнатыңыз (12i).



TM03 6297 4506

10-сур. Жұмырлы клапаны және кері клапаны бар қондырғы


- Сорып алу желісін құрастыру кезінде келесілерді сақтаңыз:
  - Сорып алу желісін мүмкіндігінше қысқа қылып жасаңыз. Бұл шырматылудан сақтандырады.
  - Қажет болған жағдайда иіннің орнына байыпты бұруды қолданыңыз.
  - Әрдайым сорып алу желісін сорып алу клапанына бағыттаңыз.
  - Ауа көпіршіктерін туғызатын түйінделулерді болдырмаңыз.



TM03 6298 4506

11-сур. Сорып алу желісін орнату

- Тұтқырлығы шамамен судыкіндей болатын газсыздандырылмаған құралдарға арнап сорғы бакта орнатылуы мүмкін (сорып алудың мейілінше жоғары биіктігін сақтаңыз).
- Батырылған сорып алу желісі жақсырақ.
- Тұнба түзілуге бейімді мөлшерлеу орталарына арнап сорып алу желісін сорып алу клапаны тұнба деңгейінен бірнеше миллиметрге жоғарыда қалатындай қылып сүзгімен (13i) орнатыңыз.




TM03 6299 4506

12-сур. Бакта орнату

- Сорып алу желісіне қатысты ескертулер: Мөлшерлеу шығынына және желінің ұзындығына байланысты тікелей сорғының сорып алу клапанының алдына көлемі сәйкес келетін қысым пульсациясының демпферін (4i) орнату қажет болуы мүмкін.

**8.4 Пульсация демпферін қолдану шарттары тарауын қар., егер қажет болатын болса, нақты жүйе туралы деректерді есептеу бағдарламасынан сұратыңыз.**


Нұсқау



13-сур. Қысымды пульсациялау демпферін сорып алу жағына орнату

- Сорып алу желісіне қатысты ескертулер: Мөлшерлеу шығынына және желінің ұзындығына байланысты айдау жағына (4i) көлемі сәйкес келетін қысым пульсациясының демпферін орнату қажет болуы мүмкін.

**Ұзындығы 2 метрден жоғары қатты құбыр желелілері және ұзындығы 3 метрден жоғары иілгіш құбыр желілері бар жүйені қорғау үшін, тиісті типті және көлемді қысымды пульсациялау демпферлерін (8i) қолданыңыз.**




TM03 6301 4506

14-сур. Қысымды пульсациялау демпферін айдау жағына орнату

**Сорғының зақымдану қаупі! Әрдайым ағын жылдамдығы жоғары үлкен сорғылар үшін қысымды пульсациялау демпферін қолдану ұсынылады. Пульсациялар көптеген факторларға байланысты болатындықтан, нақты есептеулерді қолданған маңызды. Деректерді есептеу бағдарламасынан сұратыңыз.**

Назар аударыңыз

- Газ бөлмейтін және тұтқыр сұйықтықтарға арнап: батырылған сорып алу желісі.
- Клапандардың бітеліп қалуын болдырмас үшін, сорып алу желісіне сүзгі орнатыңыз.
- Мөлшерлеу сорғысын және айдау желісін артық қысымның көтерілуінен қорғау үшін, айдау желісіне сақтандыру клапанын (6i) орнатыңыз.




TM03 6302 4506

15-сур. Сақтандырғыш клапаны бар қондырғы


**Мөлшерлеу заттегін ашық ағызып жіберу немесе 2 бар төмен қысымға қарсы**

- Плунжерлі клапанды (7i) тікелей кіру немесе бүрку нүктесінің алдына орнатыңыз.
- Сорғының сорып алу клапанындағы мөлшерлеу ортасының қысымы және беру нүктесіндегі қысымға қарсылық арасында 2 бар төмен емес қысымның түсуі қамтамасыз етілуі тиіс.
- Егер бұны қамтамасыз ету мүмкін болмайтын болса, айдау желісіне серіппелендірілген клапан (7i) орнатыңыз.



16-сур. Серіппелендірілген клапаны бар қондырғы

- Сифонды әсерді болдырмас үшін, айдау желісіне серіппелендірілген клапан (7i) орнатыңыз және қажет болған жағдайда сорып алу желісіне электромагнитті клапан (14i) орнатыңыз.



17-сур. Сифонды әсерді болдырмауға арналған қондырғы

TM03 6303 4506

TM03 6304 4506

**8.8 Сорып алу және айдау желілерін қосу**




**Ескертпе**  
**Барлық құбыр желілері тартылудан бос болуы тиіс!**  
**Құбырлардың тек қолдануға ұйғарылған типін пайдаланыңыз!**

- Сорып алу желісін сорғының сорып алу клапанына жалғаңыз.  
 – Сорып алу желісін құбырдың төменгі ұшындағы клапан бактын түбінен, мүмкін тұнба деңгейінен, 5-10 мм жоғарыда қалатындай қылып бактың ішіне орнатыңыз.
- Айдау желісін сорғының айдау клапанына жалғаңыз.

**Құбыршектерді қосу**

- Жалғауларға байланысты, құбыршекті ниппельге кигізіңіз, оны жауапты бөлігінің немесе құбыршекке арналған қамыттың көмегімен бекітіңіз.
- Төсем салыңыз.
- Ілме сомынның көмегімен құбыршекті клапанға бұрап бекітіңіз.



18-сур. Құбыршектерді қосу

TM03 6456 4506

**8.7 Құбыр желілері**


**8.7.1 Жалпы мәліметтер**

**Ескертпе**  
**Мөлшерлеу желісін көтеріңкі артық қысымнан қорғау үшін, айдау желісіне сақтандыру клапанын орнатыңыз. Құбырлардың тек қолдануға ұйғарылған типін пайдаланыңыз!**  
**Барлық құбыр желілері тартылудан бос болуы тиіс!**  
**Құбырлардың түйінделуін және сығылуын болдырмаңыз!**  
**Кавитацияны жою үшін, сорып алу желісін мүмкіндігінше қысқа қылыңыз!**  
**Қажет болған жағдайда иіннің орнына байыпты бұру қолданыңыз.**  
**Химикаттармен жұмыс істеу кезінде химикатты өндірушінің қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулығын сақтаңыз!**  
**Сорғының мөлшерлеу ортасына сәйкес келетініне көз жеткізіңіз!**  
**Сұйықтықтың ағыны ауырлық күшінің қарама-қарсы бағытта жылжуы тиіс!**  
**Ортамен түйісетін тетіктер материалының төзімділігі ортаның сипатына, оның температурасына және жұмыс қысымына байланысты болады. Мөлшерлеу кезінде ортамен түйісетін тетіктердің химиялық төзімділігі пайдалану шарттарына сәйкес келетіндігіне көз жеткізіңіз!**

Назар аударыңыз

**Құбыр желілерін DN 20 стандарты бойынша қосу**

- Құбырлардың материалына және жалғауларына байланысты келесі әдістер қолданылады: желімдеу (ПВХ), дәнекерлеу (полипропилен, поливинилиденфторид немесе тот баспайтын болат) немесе қысыммен отырғызу (тот баспайтын болат).
- Төсем салыңыз.
- Құбырды ілме сомынның көмегімен клапанға бұрап бекітіңіз.



19-сур. Құбыр желілерін DN 20 стандарты бойынша қосу

TM03 6457 4506

**8.8.1 Мөлшерлеу бастиегінің деаэрациясын қосу**

Мөлшерлеу бастиегі ауа шығару бұрандасымен (V) және құбыршек ниппелімен (I) жабдықталған. Деаэрация процесінде мөлшерлеу заттегі құбыршек ниппелінен ағып шығады. Кей кездерде бұл жұмыстың қалыпты режимі кезінде де болуы мүмкін.

Мөлшерлеу заттегі тікелей тиісті сұйыққоймада жиналуы тиіс немесе деаэрация желісі арқылы.

**Ескертпе**


Мөлшерлеу заттегін пайдалану кезіндегі жазатайым оқиға болу қаупі. Мөлшерлеу заттегі деаэрация желісінің құбыршегі ниппелінен (I) ағады. Үлкен қысым болған кезде, шашырауы мүмкін.

Құбыршектің ниппелін (I) дұрыс бағытта бұрыңыз немесе мөлшерлеу заттегін сәйкес келетін құбыршек арқылы ағызып жіберіңіз.

Материалдардың химиялық төзімділігіне қойылатын талаптарды сақтаңыз!

Деаэрация желісін пайдалану кезінде,

- деаэрация желісін (J) ауа шығару бұрандасына қосыңыз (V / I).
- Деаэрация желісін (J) ол бактың ең жоғарғы деңгейінен ең болмаса 10 мм жоғары болатындай қылып қысқартыңыз.
- Деаэрация желісінің (J) төменгі ұшын түйінсіз мөлшерлеу бағына немесе жинақтауышқа кіріктіріңіз. Мөлшерлеу заттегіне түсірмеңіз.




20-сур. Мөлшерлеу бастиегінің деаэрациясы

TM03 6862 4506

### 8.8.2 Сұйық жылу тасығышы бар мөлшерлеу бастиегін қосу (қосымша жабдық)

Сұраныс бойынша, сұйық жылу тасығышы бар мөлшерлеу бастиегі тот баспайтын болаттан жасалу орындалымында қол жетімді.



21-сур. Сұйық жылу тасығышы бар мөлшерлеу бастиегі

TM03 6459 4506

#### Айқ. Компоненттері

2f	Сұйық жылу тасығышы бар мөлшерлеу бастиегі
2f1	Құбыршек ниппелі, DN 20 қосылуы

Жылу тасығыштың қажетті сипаттамалары:

- Жылу тасығыш тот баспайтын болатты химиялық коррозияға әкелмеуі тиіс.
- Ең жоғары рұқсат етілген қысым:  $p_{м.ж.} = 3$  бар
- Ең жоғары рұқсат етілген температура:  $t_{м.ж.} = 100$  °С.

## 9. Электр жабдықты қосу

Жерге тұйықтау

**Назар аударыңыз** Құрастыру кезінде барлық сорғылар мен керек-жарақтар жерге тұйықталуы тиіс.

Корпусы пластмассадан жасалған орындалымдағы мембрананың жарылуы датчигінің сорғымен ток өткізгіш жалғауы жоқ және клиент жерге тұйықтауды өзі орындауы тиіс.

Электр жалғаулары

Сорғы пайдаланылатын қуат көзіне сәйкес келетіндігіне көз жеткізіңіз.

**Ескертпе**

Электр жабдықтарын қосу тек білікті персоналмен орындалуы тиіс!

Реле түйісулері мен қуат кабелін жалғар алдында желілік қуатты ажыратыңыз!

Жергілікті қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтаңыз!

Сорғының корпусы тек Grundfos компаниясымен өкілеттенген персоналмен ашылуы тиіс!

Кабель жалғағыштары мен вилкаларды коррозия мен ылғалдан қорғаңыз.

Тек пайдаланылатын ұяшықтардың қорғаныш қақпақтарын шешіңіз.



### 9.1 Электрлі сервоқозғалтқыш (қосымша жабдық)


Сервоқозғалтқышты қорек көзіне қосу үшін, сервоқозғалтқышқа арналған құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулықты қар.

### 9.2 Мембрананың жарылуы датчигі (қосымша жабдық)

**Ескертпе**

Жарылыстан қорғалған орындалымдағы сорғыларды жарылыстан қорғалған орындалымдағы түйісу манометрі бар мембрананың жарылуы датчигі орнатылады.

Манометр жерге тұйықталған болуы тиіс. Жерге тұйықтау кабелінің (4u) қосылуы 22-сур. қар.



22-сур. Мембрананың жарылуы датчигі

TM03 6453 4506

#### Айқ. Компоненттері

S	Түйісу манометрі
5s	Ілмек сомын
6s	Шығу түйісуі
T	Жұмырлы кері клапан
U	Жалғау буыны
2u	Ауа шығару бұрандасы
3u	Нығыздағыштар
4u	Жерге тұйықтау кебеліне арналған жалғау
5u	Ілмек сомын
2)	немесе блоктау буыны (түйісу манометрі және тізбекті қосу орнына).

### 9.3 Қуат кабелін жалғау



**Ескертпе**  
 Қуат кабелін жалғар алдында қуат блогын ажыратып тастаңыз!  
 Қуат кабелін жалғар алдында сорғының зауыттық тақташасында көрсетілген номиналды кернеу жергілікті шарттарға сәйкес келетіндігіне көз жеткізіңіз!  
 Қуат кабелінде немесе вилкада ешқандай өзгертулер жасамаңыз!

Назар аударыңыз

Вилка-розетка мен сорғының арасындағы жалғаудың сәйкестігі айқын белгіленуі тиіс (мысалы, штепсельді розетка маркаланған).

Назар аударыңыз

Қуат блогын жалғаған кезде сорғы автоматты түрде қосылуы мүмкін!

- Қуат блогын сорғыны іске қосуға дайын болмайынша қоспаңыз.

#### 9.3.1 Желілік вилкасы бар орындалым

- Желілік вилканы розеткаға қосыңыз.

#### 9.3.2 Желілік вилкасыз орындалым



**Ескертпе**  
 Сорғы барлық түйісулерге арналған түйісулер арасындағы саңылауы 3 мм болатын жақсы белгіленген сыртқы желілік ажыратқышқа қосылуы тиіс.

- Қозғалтқышты қуат желісіне қосу жергілікті нормаларға және тарату қорабының қақпағындағы қосу схемасына сәйкес орындалуы тиіс.



**Ескертпе**  
 Корпустың берілген қорғаныш дәрежесі тек, егер қуат кабелі осындай қорғанышпен жалғанатын болса қамтамасыз етіледі.

**Айналыс бағытын сақтаңыз!**  
 Қозғалтқышты қорғау үшін қорғанышты ажыратқыш немесе қозғалтқыштың түйістіргішін орнатыңыз, сонымен қатар берілген кернеу және жиілік кезінде қозғалтқыштың номиналды тогына биметалды релені баптаңыз.

Назар аударыңыз

### 9.4 AR басқару блогы


AR басқару блогын қуат көзіне қосу үшін AR басқару блогының Төлқұжатын, құрастыру және пайдалану бойынша Нұсқаулығын қар.

### 9.5 Жиілік түрлендіргіш (опция)

Жиілік түрлендіргішті қуат көзіне қосу үшін жиілік түрлендіргіштің Төлқұжатын, құрастыру және пайдалану бойынша Нұсқаулығын қар.

### 9.6 Мембрана айналысының кіріктірілген датчигі (опция)

Мембрана айналысының кіріктірілген датчигін қосу үшін, төменде келтірілген схеманы басшылыққа алыңыз.



23-сур. Мембрана айналуы датчигін қосу схемасы

## 10. Пайдалануға беру

Барлық бұйымдар дайындаушы-зауытта қабылдап-тапсыру сынағынан өтеді. Орнату орнында қосымша сынақ өткізудің қажеті жоқ.

### 10.1 Сорғылардың алғашқы және соңғы іске қосылуларына қойылатын жалпы талаптар

**Ескертпе**  
 Қауіпті орталарды мөлшерлеу кезінде әрдайым тиісті қауіпсіздік шараларын сақтаңыз!  
 Мөлшерлеу бастиегімен, жалғаулармен немесе желілермен жұмыс істеу кезінде жеке қорғану құралдарын пайдаланыңыз (қолғаптар және көзілдіріктер)!  
 Мөлшерлеу бастиегін, клапандарды және желілерді алып тастар алдында сорып алу клапанын бұрап ағытып алып, мөлшерлеу бастиегінде қалған ортаны түпқоймаға ағызып жіберіңіз.  
 Сорғының корпусы тек Grundfos компаниясымен өкілеттенген персоналмен ашылуы тиіс!  
 Жөндеу жұмыстары тек білікті және өкілетті персоналмен орындалуы тиіс!  
 Клапан ағысы бағытының маркалануының сәйкестігін сақтаңыз (клапанда нұсқармен көрсетілген)



Назар аударыңыз

#### 10.1.1 Іске қосу алдындағы тексерулер

- Сорғының фирмалық тақташасындағы номиналды кернеудің жергілікті жағдайларға сәйкес келетіндігіне көз жеткізіңіз!
- Барлық жалғанулардың сенімді екеніне көз жеткізіңіз, қажет болған жағдайда оларды қатайтып тартыңыз.
- Мөлшерлеу бастиегінің барлық бұрандалары мықтап тартылғандығына көз жеткізіңіз, қажет болған жағдайда оларды қатайтып тартыңыз.
- Барлық электр жалғауларының дұрыс орындалғандығына көз жеткізіңіз.
- Мөлшерлеу бастиегінің бұрандаларын диагональ бойынша динамометрикалық сомынды кілттің көмегімен қатайтып тартыңыз.

#### Бұрандаларды қатайтып тарту сәттері

Сорғының типі	Қатайтып тарту сәтінің мәні [Нм]
DMH 280	55-60
DMH 281	17-19
DMH 283	27-30
DMH 285	50-54
DMH 286	80-85
DMH 287	50-54
DMH 288	75-80

#### 10.1.2 Май құю

**Сорғы дайындаушы-зауытта тексеріледі, ал жөнелту кезінде майын ағызып жібереді. Пайдалануға енгізер алдында сорғыға арнайы қосылып берілген майды құйыңыз. Іске қосуды жеңілдету үшін, плунжердің манжеті маймен толтырылған болуы тиіс. Айналым ұзақтығын реттеу тұтқасын тек жетек толтырылған кезде ғана реттеу қажет, әйтпесе май манжеттен ағып кететін болады..**

Указание

1. Май құю саңылауының бұрандалы қақпағын (F) босатып, ағытып алыңыз (27-сур.).
2. Сорғыға қосылып берілген гидравликалық майды май құю саңылау (F) арқылы, май деңгейі қуыс бұрғысындағы белгіге жеткенге дейін баяулап құйыңыз.
3. Айналым ұзақтығын реттеу тұтқасын (L) «0» қойыңыз.

### 10.1.3 Сорып алу желісі батырылмаған жағдайдағы алғашқы іске қосу үшін мөлшерлеу бастиегін толтыру (DMH 281-288)



#### Ескертпе

Қауіпті орталарды мөлшерлеу кезінде әрдайым тиісті қауіпсіздік шараларын сақтаңыз.

Мөлшерлеу бастиегімен, жалғаулармен немесе желілермен жұмыс істеу кезінде жеке қорғану құралдарын пайдаланыңыз (қолғаптар және көзілдіріктер)

Алғашқы іске қосар алдында сорып алу желісі батырылмаған жүйеге арналған қосалқы сорып алғышсыз мөлшерлеу бастиегін мөлшерлеу ортасыз толтыру қажет:

1. Айдау клапанын бұрап ағытыңыз (3b).
2. Мөлшерленетін ортаны мөлшерлеу бастиегіне қосыңыз (2).
3. Айдау клапанын орнына бұрап қойыңыз (3b).


#### Нұсқау

Айдау клапанының ағыс бағытының маркалануының сәйкестігін сақтаңыз (клапанда нұсқармен көрсетілген)!

### 10.2 DMH 280 сорғысын алғашқы іске қосу/келесі іске қосулары

Алғашқы немесе келесі іске қосулар үшін мөлшерлеу бастиегін толтырыңыз, Мөлшерлеу бастиегін толтыру тарауын қар. Егер сорғы тоқтамайтын болса, плунжердің манжетінен ауаны шығарыңыз, Плунжердің манжетінен ауа шығару тарауын қар.

#### Мөлшерлеу бастиегін толтыру




24-сур. Мөлшерлеу бастиегін толтыру

#### Айқ. Компоненттері

1j	Құбыршек
I	Ауа шығару ниппелі
V	Ауа шығару бұрандасы
Z	Шприц

1. Мөлшерлеу бастиегінің ауа шығаратын бұрандасын (V) шамамен 1 айналымға бұрап босатыңыз.
2. Сорғымен қоса берілген құбыршекті (1j) ауа шығару ниппеліне (I) орнатыңыз.
3. Сорғымен қоса берілетін шприцтің (Z) көмегімен құбыршекте сұйықтық пайда болатындай қылып мөлшерлеу заттегін сорыңыз.
4. Ауа шығару бұрандасын қатайтып тартып қойыңыз (V).
5. Құбыршекті (1j) және шприцті (Z) ағытып алыңыз.
6. Айналым ұзақтығын реттеуіштің тұтқасын 70% қойыңыз және сорғыны 5 минут шамасында жұмыс істетіңіз.
7. Сорғыны сөндіріңіз, майдың деңгейін тексеріңіз және, қажет болған жағдайда, толықтырып май құйыңыз.
8. Май құю саңылауының бұрандалы қақпағын орнатыңыз (F).
9. Егер мөлшерлеу жүргізілсе, сорғы жұмыс істеуге дайын. Егер сорғы мөлшерлемейтін болса, плунжердің манжетіндегі ауаны шығарыңыз.

### Плунжердің манжетінен ауаны шығару



25-сур. Плунжердің манжетінен ауа шығару

#### Айқ. Компоненттері (25 және 27 сур.)

1q	Мөлшерлеу бастиегінің бұрандалары
2	Мөлшерлеу бастиегі
3b	Айдау клапаны
F	Деңгейді өлшеуге арналған қуыс бұрғысы бар май құю саңылауының бұрандалы қақпағы.
L	Айналыс ұзақтығын реттеуіш тұтқасы
1l	Айналыс ұзақтығын реттеу тұтқасының қақпағы
M	Сақтандырғыш клапан
V	Ауа шығару бұрандасы
I	Құбыршек ниппелі (J арналған жалғану)
J	Деаэрация құбыршегі (сорғымен бірге жеткізілмейді).
1m	Сақтандыру клапанының қақпағы
2m	Реттеу бұрандасы
3m	Қысымды қайтару клапаны
4m	Серіппе
E	Ауалау клапаны (патрон)
1e	Реттеу бұрандасы
Y	Май ағар каналдары

1. Сақтандырғыш клапанының қақпағын бұрап ағытыңыз (1m).
2. Реттеу бұрандасының (2m) баптау тереңдігін (h) өлшеңіз.
3. Реттеу бұрандасын (2m) бұрап ағытыңыз.
4. Сақтандырғыш клапанды (3m) және серіппені (4m) алып тастаңыз.
5. Көлемі 14 аша кілттің көмегімен деаэрация клапанының (патрон) барлық буындарын бұрап ағытып алыңыз (E).

#### Назар аударыңыз

Шлицті ішкі бұранданы бұрамаңыз (реттеу бұрандасы (1e)), өйткені бұл кезде ауалау клапандарының баптаулары өзгеріп кетеді.

6. Қуат кабелін қосыңыз.
7. Сорғыны май ағатын каналдардың айналасынан май байқалғанға дейін (көпіршіксіз), шамамен 5 минут айналысын 0 % баптаумен жұмыс істетіңіз (Y). Қажет болған жағдайда майды үстемелеп қосыңыз.
8. Сорғыны ажыратыңыз және алдыңғы нығыздағышы бар деаэрация клапанын (E) бұрап бекітіңіз.
9. Сақтандырғыш клапанын көрсетілген ретпен (M / 2m, 3m, 4m) орнына қойыңыз.
10. Айналыс ұзақтығын реттейтін тұтқаны 70 % орнатыңыз және сорғыны шамамен 5 минут жұмыс істетіңіз.

Енді сорғы жұмыс істеуге дайын.

TM03 6863 4506

TM03 6864 4506




**Ауалау клапанын тексеру (патрон)**

**Нұсқау** Ауалау клапаны (Е) тек серіппемен (5е), шармен (6е) және реттеу бұрандасының (7е) дұрыс күйде тұрған кезінде жұмыс істейді.

Сорғы сөндірулі тұрған кезде ауалау клапанын бапталуын тексеру:

- Реттеу бұрандасын (7е) толық қатайтып тартыңыз, ал содан кейін шамамен 1/4 айналымға босатыңыз!



26-сур. Ауалау клапаны

TM03 6865 4506

**Айқ. Компоненттері**

5е	Серіппе
6е	Шар
7е	Реттеу бұрандасы

**Нұсқау** Қуыс бұрғысы стерженінің ұзындығы: 27 мм. Белгіленетін батыру тереңдігі: шамамен 5 мм.

Майдың деңгейін асып кеткенде әр екі апта сайын тексеріңіз және, қажет болған жағдайда майды үстемелеп құйыңыз.

**Нұсқау** Тек Grundfos компаниясы ұсынған трансмиссиялық май қолданыңыз! Бұйымның нөмірін [www.grundfos.ru](http://www.grundfos.ru) сайтында «Service kit catalogue» сервистік жиынтықтар Каталогынан қар.

Сорғының типі	Орындалу нұсқасы	Сипаты
DMH 280	Жалғыз/ қосарланған	DHG 68, 1,3 л

**Іске қосқаннан кейін**


Алғашқы іске қосқаннан кейін және мембрананы әр айырбастағаннан кейін мөлшерлеу бастиегінің бұрандаларын қатайтып тартыңыз.

**Назар аударыңыз** Мөлшерлеу бастиегінің бұрандаларын шамамен әрбір 6-10 сағат жұмыс істегеннен кейін немесе екі күн жұмыс істегеннен кейін динамометрикалық сомын кілттің көмегімен диагональ бойынша қатайтып тартыңыз.

**Бұрандаларды қатайтып тарту сәттері**

Сорғының типі	Қатайтып тарту мәні [Нм]
DMH 280	55-60

**10.3 DMH 281-288 сорғыларының алғашқы іске қосылуы/келесі іске қосылулары**



27-сур. DMH 281-288 сорғыларын іске қосу

TM03 6866 4506

**Айқ. Компоненттері**

1q	Мөлшерлеу бастиегінің бұрандалары
2	Мөлшерлеу бастиегі
3b	Ауалау клапаны
E	Деаэрация клапаны
F	Деңгейді өлшеуге арналған қуыс бұрғысы бар май құю саңылауының бұрандалы қақпағы.
L	Айналу ұзақтығын реттеу тұтқасы
1l	Айналу ұзақтығын реттегіш тұтқасының қақпағы
M	Сақтандару клапаны
V	Ауа шығаратын бұранда
I	Құбыршек ниппелі (J арналған жалғану)
J	Ауалау құбыршегі (сорғымен бірге жеткізілмейді)

1. Қуат кабелін жалғаңыз.
2. Аналыс ұзақтығын реттейтін тұтқаны 0% қойыңыз.
3. Сорғыны шамамен 5 минут жұмыс істетіңіз.

**Мөлшерлеу бастиегінен ауа шығару**

1. Ауа шығару бұрандасын (V) сол жаққа қарай бір айналымға бұрап босатыңыз.
2. Құбыршек ниппелін (I) тігінен төменге бұрыңыз.

**Ескертпе**  
 Мөлшерлеу заттегін пайдалану кезіндегі жазатайым оқиға болу қаупі. Мөлшерлеу заттегі деаэрация желісінің құбыршегі ниппелінен (I) ағады. Үлкен қысым болған кезде, от шашырауы мүмкін. Құбыршектің ниппелін (I) дұрыс бағытта бұрыңыз немесе мөлшерлеу заттегін сәйкес келетін құбыршек арқылы ағызып жіберіңіз.  
 Материалдардың химиялық төзімділігіне қойылатын талаптарды сақтаңыз! Мөлшерлеу бастиегімен, жалғаулармен немесе желілермен жұмыс істеу кезінде жеке қорғану құралдарын пайдаланыңыз (қолғаптар және көзілдіріктер)!

3. Айналыс ұзақтығын реттеу тұтқасын (L) 15% қойыңыз.
4. Сорғы деаэрация құбыршегінде (J) немесе ниппелде (I) ағып шығатын ортаның көпіршіктері болғанша жұмыс істеуі тиіс.
5. Ауа шығаратын бұранданы (V) тартып қойыңыз.

**Майдың деңгейін тексеріңіз**

1. Айналу ұзақтығын реттеу тұтқасын (L) 40% қойыңыз.
2. Сорғыны 40% қойылған айналу ұзақтығымен шамамен 10 минут жұмыс істетіңіз.
3. Сорғыны сөндіріңіз, майдың деңгейін тексеріңіз және, қажет болған жағдайда, майды үстемелеп қосыңыз.
4. Май құю саңылауының бұрандалы қақпаған орнатыңыз (F). Енді сорғы жұмыс істеуге дайын.

**Нұсқау** Қуыс бұрғысы стерженінің ұзындығы: 35 мм (DMH 281 үшін 27 мм). Белгіленетін батыру тереңдігі: шамамен 5 мм.

**Нұсқау** Майдың деңгейін асып кеткенде әр екі апта сайын тексеріңіз және, қажет болған жағдайда майды үстемелеп құйыңыз. Тек Grundfos компаниясы ұсынған трансмиссиялық май қолданыңыз! Бұйымның нөмірін [www.grundfos.ru](http://www.grundfos.ru) сайтында «Service kit catalogue» сервистік жиынтықтар Каталогынан қар.

Сорғының типі	Орындалу нұсқасы	Сипаты
DMH 281	Дара	DHG 68, 1,3 л
DMH 281	Қосарланған	DHG 68, 1,3 л
DMH 283	Дара	DHG 68, 3,5 л
DMH 283	Қосарланған	DHG 68, 4,5 л
DMH 285	Дара	DHG 68, 5,5 л
DMH 285	Қосарланған	DHG 68, 7,5 л
DMH 286	Дара	DHG 68, 5,5 л
DMH 286	Қосарланған	DHG 68, 7,5 л
DMH 287	Дара	DHG 68, 5,5 л
DMH 287	Қосарланған	DHG 68, 7,5 л
DMH 288	Дара	DHG 68, 3,5 л
DMH 288	Қосарланған	DHG 68, 4,5 л

#### Іске қосқаннан кейін

*Алғашқы іске қосқаннан кейін және мембрананы әр айырбастағаннан кейін, мөлшерлеу бастиегінің бұрандаларын қатайтып тартыңыз.*

Назар аударыңыз

*Мөлшерлеу бастиегінің бұрандаларын шамамен әрбір 6-10 сағат жұмыс істегеннен кейін немесе екі күн жұмыс істегеннен кейін, динамометрикалық сомын кілттің көмегімен диагональ бойынша қатайтып тартыңыз.*

#### Бұрандаларды қатайтып тарту сәттері

Сорғының типі	Қатайтып тарту мәні [Нм]
DMH 281	17-19
DMH 283	27-30
DMH 285	50-54
DMH 286	80-85
DMH 287	50-54
DMH 288	75-80

#### 10.4 Сақтандыру клапанының қысымын баптау


Сақтандыру клапанының бапталуы клиентпен берілген қысымға немесе номиналды қысымға орнатылады (мейлінше жоғары қысымға қарсылық). Тапсырыс беруші ашылу қысымын төмен мәнге орната алады.

#### Сақтандыру клапанын ашу қысымы

Сорғының номиналды қысымы [бар]	Сақтандырғыш клапанды ашу қысымы [бар]
50	55
100	110
200	210

#### Ашылу қысымын баптау

- Тегеурінді желідегі қысымды баптау үшін манометр орнату керек, ал оның артынан қысымды қалыпта ұстау клапанын.
- Сақтандыру клапанын баптау үшін:
  - DMH 280 сорғысына арналған бұрауышты пайдаланыңыз.
  - DMH 281-288 сорғыларына арналған арнайы құрал-жабдықтарды пайдаланыңыз.




28-сур. Ашылу қысымын баптау

TM03 6464 1612

#### Сақтандырғыш клапанын баптау:

1. Манометрден кейінгі қысымды қалыпта ұстау клапанын жабыңыз.
2. Сақтандырғыш клапаннан қақпағын (1m) шешіп алыңыз.
3. Сорғыны іске қосыңыз.
4. Сақтандырғыш клапанның қысымын баптаңыз.
  - **DMH 280:** Бұрағыштың көмегімен сақтандырғыш клапанның бұрандасын (2m) сағаттың тіліне қарсы керекті ашылу қысымы алынғанша баяулап бұраңыз.
  - **DMH 281-288:** Арнайы құрал-жабдықтың көмегімен сақтандырғыш клапанның бұрандасын (2m) сағаттың тіліне қарсы керекті ашылу қысымы алынғанша баяулап бұраңыз.



29-сур. Сақтандырғыш клапанның қысымын баптау

**Назар аударыңыз**

*Сорғының немесе жүйенің зақымдану қаупі! Егер сақтандырғыш клапаны жабық болса, ол дұрыс жұмыс істемейтін болады және сорғыда немесе жүйеде бірнеше жүз бар қысым пайда болуы мүмкін. Баптау барысында сақтандырғыш клапанды жаппаңыз!*

5. Сақтандырғыш клапанның қақпағын орнына орнатыңыз.
6. Манометрден кейінгі қысымды қалыпта ұстау клапанын ашыңыз.

#### 10.5 (DMH 281-288) нөлдік нүктесін реттеу

##### 10.5.1 Қысымы 100 бар дейінгі жүйеге арналған нөлдік нүктені реттеу

Мөлшерлеу сорғысының нөлдік нүктесі сорғының номиналды қысымынан аз болып зауытта қысымға қарсы орнатылады. Егер жұмысты қысымға қарсылық бұл мәннен едәуір ауытқитын болса, неғұрлым дәл мәндер алу үшін, нөлдік нүктені реттеген жөн болады.

##### Сорғының зауыттық орнатылымындағы нөлдік нүктедегі қысымға қарсылық

Сорғының номиналды қысымы [бар]	Зауыттық орнатылудың нөлдік нүктесіндегі қысымға қарсылық [бар]
50	30
100	80

##### 10.5.2 Қысымы 100 бар және одан жоғары жүйеге арнап нөлдік нүктені баптау

**Назар аударыңыз**

*Егер айналу ұзақтығын реттеу тұтқасы толық ашық болса, сорғы жұмыс істемейді. Сорғының реттеуіне байланысты бұл мән сорғының қысымына арналған шкаланың 100% төмен болып қалуы мүмкін, 100 бар және одан көп артатын.*

##### Реттеу диапазоны 20-100 % шамасында

Егер сорғының номиналды қысымы 100 бар немесе одан көп құрайтын болса, мөлшерлеудің ең жоғары шығыны фабрикада шкаланың 100% мәніне орнатылады. Нөлдік нүкте орнатылмаған. Мөлшерлеудің нөлдік шығынына жүйенің қысымына байланысты жетеді, мысалы шкалада 20 % кезінде.

TM03 6465 4506


**Реттеу диапазоны 0-80% шамасында**

Мөлшерлеудің нөлдік шығынын шкаланың нөліне келтіріп реттеуге болады, бірақ бұндай жағдайда жол берілмейтін жұмыс диапазоны 100 % шкала мәнінен тыс қалады! Мөлшерлеудің мейлінше көп шығыны болуы үшін, айналу ұзақтығын реттеу тұтқасын босатыңыз, ал содан кейін 10 % мәннің жанындағы нүктеге қысыңыз.

**Сорғының зауытта орнатылған нөлдік нүктесіндегі қысымға қарсылық.**

Сорғының номиналды қысымы [бар]	Зауыттық орнатылудың жоғарғы нүктесіндегі қысымы қысымға қарсылық [бар]
200	160

**10.5.3 Нөлдік нүктені реттеу**



TM03 6466 4506

30-сур. Нөлдік нүктені реттеу

**Айқ. Компоненттері**

L	Айналу ұзақтығын реттеу тұтқасы
1I	Қақпақ
2I	Сторпорлы бұранда
3I	Бұранда
4I	Шығыршықты шкала



**Ескертпе**  
**Қауіпті орталарды мөлшерлеу кезінде әрдайым тиісті қауіпсіздік шараларын сақтаңыз!**  
**Мөлшерлеу бастиегімен, жалғаулармен немесе желілермен жұмыс істеген кезде, жеке қорғану құралдарын қолданыңыз (қолғаптар және көзілдіріктер)! Мәнді әрқашан жалғанған айдау желісімен және жұмысты қысымға қарсылықпен реттеңіз.**

1. Калибрлеу цилиндрін сорып алу жағына орнатыңыз немесе қатты сорып алу желісін мензуркаға орналастырыңыз.
2. Мөлшерлеу шығынын 15% қойыңыз.
3. Айналу ұзақтығын реттеу тұтқасынан (L) қақпағын (1I) ағытып алыңыз.
4. Бұрауыштың көмегімен сторпорлы бұранданы (2I) шамамен 2 айналымға бұрап босатыңыз.
5. Сорғыны қосыңыз.
6. Өлшеу құрылғысында мөлшерлеу тоқтағанға дейін айналу ұзақтығын реттеу тұтқасын баяулап нөлдік нүкте жағына қарай бұрыңыз.
7. Сорғыны сөндіріңіз.
8. Шығыршықты шкаланы (4I) нөлге қойыңыз.
  - Дөңбек кілттің көмегімен шығыршықты шкаладағы (4I) бұранданы (3I) жайлап босатыңыз.
  - Шығыршықты шкаланы (4I) шкаладағы және шығыршықты шкаладағы «0» белгілері сәйкес келетіндей қылып бұрыңыз.
  - Бұранданы (3I) қатайтып тартыңыз.

9. Қолданылуына байланысты, айналу ұзақтығын реттеу тұтқасы айналатындай қылып немесе бұдан былай айналмайтындай қылып сторпорлы бұранданы қатайтып тартыңыз.
10. Қақпақты (1I) орнына орнатыңыз.

**10.6 Жарылыстан қорғалған сорғылар**

Жанғыш орталарды мөлшерлеу туралы 14.7 Мөлшерлеу орталары тарауынан қар.



**Ескертпе**  
**Қатты қызу кезіндегі сорғының жарылуы қауіпі.**  
**Сорғыларды клапандары мен фитингтері жабық тұрған кезде іске қосуға болмайды.**



**Ескертпе**  
**Сорғыны алғашқы іске қосқан кезде немесе мөлшерлей бастиегін босатқаннан кейін қайтадан іске қосқан кезде, жарылыс қауіпі, булар қоспасы пайда болуы мүмкін.**  
**Сорғыны іске қосқан кезде немесе оны қайтадан іске қосқанда мөлшерлеу бастиегі толық сұйықтықпен құйылған болуы тиіс.**  
 • Мөлшерлеу бастиегін және сорып алу құбыр желісін мөлшерлеу ортасымен толтырыңыз, немесе  
 • сорып алу желісін су басқан кезде, мөлшерлеу ортасының мөлшерлеу бастиегіне келуін қамтамасыз ету үшін, тегеурінді құбыр желісін газды шығарыңыз.

**11. Пайдалану**

Пайдалану шарттары 14. Техникалық сипаттамалар тарауында келтірілген.



**Ескертпе**  
**Жарылыстан қорғалған орындалымындағы сорғыларға арналған арнайы қолдану шарттарын тиісті электр қозғалтқыштың құрастыру және пайдалану бойынша Нұсқаулығынан қараңыз (жеткізу жиынтығына кіреді).**

**11.1 Пайдалануға қойылатын жалпы талаптар**

Тиісті фирмалық тақтасалары бар жарылыстан қорғалған орындалымындағы сорғылар, сорғының типіне және жабдықтарына байланысты IIC немесе IIB аймақтарының әлеуетті жарылыс қауіпті атмосферасында жұмыс істеуге жарамды.

Нығыздау және майлау үшін қолданылатын материалдар жұмыс аймағының атмосферасында түзілетін буға, газға және шаңға төзімді болуы тиіс.

Бұл әсіресе пластикті бүлдіруі немесе жағын майы мен трансмиссиялы майдың құрамын өзгертуі мүмкін, ерітінділер мен булардың түйісуі жағдайына қатысы бар, сол себепті өндірімділікке/жұмыс қабілеттілігіне әсерін тигізеді.



**Қолданыстығы жұмыс жағдайларында, жарылыс қауіпіне ұшыратпас үшін, сорғылер тек, егер олардың материалдары мен жұмыс сұйықтықтары механикалық немесе химиялық әсерлерге жеткілікті төзімді болса ғана пайдаланылуы мүмкін.**

**Рұқсат етілген температура**



**Сорғыларды SIP/CIP жуғыштарында (Clean In Place) пайдалану кезінде жұмыс ортасының температурасын жоғарылатуға болмайды.**

**Мембрананың жарылуын табу (жарылыстан қорғалған сорғылар)**



**Жұмыс істеу кезінде сорғылар мөлшерлеу ортасының жол берілмейтін жылыстауының көзі болмауы тиіс (бұл әсіресе жанғыш заттарды мөлшерлеу кезінде маңызды).**

Мембрананың жарылуы датчигінен берілетін мембрананың жарылуы сигналы (электрлі оқшауланған геркон) сорғыны дереу тоқтату үшін қолданылуы тиіс.

## 11.2 Жарылыстан қорғалған орындалымдағы сорғымен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасы ережелері



**Ескертпе**  
Қатты қызу кезінде сорғылардың жарылуы қауіпі.  
Клапандары және фитингтері жабық тұрған кезде, сорғыларды іске қосуға болмайды.



**Ескертпе**  
Сорғы іске қосу мен жөндеу жұмыстары/ қайта іске қосу кезінде де құрғақ жұмыс жасамауы керек.

Ақаулықтар, мысалы, мөлшерлеу сипаттамаларының нашарлауы, сорғының зақымдануынан туындауы мүмкін, бұл жарылыс қауіпін ұлғайтады. Жұмыс істеу кезінде ақаулықтар туындаған жағдайда, сорғы дереу тоқтатылуы тиіс және ақаулықтар жойылуы тиіс.

Назар аударыңыз


## 11.3 Қосу/ажырату

Назар аударыңыз

Сорғыны қосар алдында оның дұрыс орнатылғандығын тексеріңіз.  
8. Құрастыру және 10. Пайдалануға беру тарауларын қар.

- Сорғыны іске қосу үшін қуатты қосыңыз.
- Сорғыны тоқтату үшін қуатты ажыратыңыз.

## 11.4 Мөлшерлеудің өндірімділігін баптау



TM03 6466 4506

31-сур. Мөлшерлеудің өндірімділігін баптау

### Айқ. Компоненттері

L	Айналу ұзақтығын реттеу тұтқасы
1I	Қақпақ
2I	Стопорлы бұранда
3I	Бұранда
4I	Шығыршықты шкала

### 11.4.1 Мөлшерлеу шығынын баптаңыз және айналу ұзақтығын реттеу тұтқасын бекітіп қойыңыз

1. Айналу ұзақтығын реттеу тұтқасынан (L) қақпақты (1I) шешіп алыңыз.
2. Бұрауыштың көмегімен стопорлы бұранданы (2I) шамамен 2 айналымға бұрап босатыңыз.
3. Сорғының жұмыс істеу процесінде мөлшерлеу шығынын ұлғайтыңыз немесе азайтыңыз.  
– Мөлшерлеудің қажетті көлемін орнату үшін, айналу ұзақтығын реттеу тұтқасын жайлап солға немесе оңға бұраңыз.
4. Қолданылуына байланысты, айналу ұзақтығын реттеу тұтқасы айналатындай қылып немесе бұдан былай айналмайтындай қылып стопорлы бұранданы (2I) қатайтып тартыңыз.
5. Қақпақты (1I) орнына орнатыңыз.

Егер айналу ұзақтығын реттеу тұтқасы толық бұралып ағытулы болса, сорғы жұмыс істемейтін болады! Сорғының реттелуіне байланысты бұл мән 100 бар артатын, сорғының қысымына арналған шкаладан 100 % төмен болуы мүмкін. Мөлшерлеу шығынын 100 % орнату үшін, айналу ұзақтығын реттеу тұтқасын толық ашыңыз және шамамен 10 % жауып қойыңыз.

Назар аударыңыз

## 11.5 Ауалау


Мөлшерлеу бастиегін қолмен ауалау (сорғы жұмыс істеп тұрған кезде)



**Ескертпе**  
Қауіпті орталарды мөлшерлеу кезінде әрдайым тиісті қауіпсіздік шараларын сақтаңыз!  
Мөлшерлеу бастиегімен, жалғаулармен немесе желілермен жұмыс істеген кезде, жеке қорғану құралдарын қолданыңыз (қолғаптар және көзілдіріктер)!




**Ескертпе**  
Мөлшерлеу заттегін пайдалану кезіндегі жазатайым оқиға болу қауіпі. Мөлшерлеу заттегі ауалау желісінің құбыршегі ниппелінен (I) ағады. Үлкен қысым болған кезде орта шашырауы мүмкін. Құбыршектің ниппелін (I) дұрыс бағытта бұрыңыз немесе мөлшерлеу заттегін сәйкес келетін құбыршек арқылы ағызып жіберіңіз.



32-сур. DMH 280

TM03 6867 4506



33-сур. DMH 281-288

TM03 6868 4506

### Айқ. Компоненттері

I	Құбыршек ниппелі
J	Ауалау құбыршегі
V	Ауа шығару бұрандасы



**Нұсқау**

**DMH 280: Егер ауа шығаратын бұранда тым осал болатын болса, нығыздағыштан ағуы мүмкін.**

1. Ауа шығару бұрандасын (V) босатыңыз:
  - DMH 280: ең көбі солға қарай 1/2 айналым.
  - DMH 281-288: солға қарай 1 айналымға
2. Ауалау құбыршегінде (J) немесе ниппельде (I) ағатын ортаның көпіршіктері болғанша, сорғы жұмыс істей тұруы тиіс.
3. Ауа шығару бұрандасын (V) абайлап қатайтып тартыңыз.

**11.6 AR басқару блогын қолдану (қосымша жабдық)**

AR басқару блогын қолдану кезінде «AR басқаруының модулі. Төлқұжатқа, құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулыққа қосымша» құжатының нұсқауларын сақтаңыз.

**11.7 Сервоқозғалтқыш (қосымша жабдық)**

Жиілік түрлендіргішті пайдалану үшін, жиілік түрлендіргіш Төлқұжатын, құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулықты қар.

**11.8 Жиілік түрлендіргіш (опция)**

Для эксплуатации частотного преобразователя см. Паспорт, Руководство по монтажу и эксплуатации на частотный преобразователь

**11.9 Мембрана айналысының кіріктірілген датчигі (опция)**

Мембрана айналысының кіріктірілген датчигі айналыстың әртүрлі есептеуіштерімен қолданылуы мүмкін. Мембрана айналысының кіріктірілген датчигін пайдалану үшін, тиісті айналысты есептегіштің Төлқұжатын, құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулығын қар.

**11.10 Электр жылытқышы бар мөлшерлеу бастиегі (опция)**

Электр жылытқышы бар мөлшерлеу бастиегіндегі термостаттау температурасы релелік реттегіш арқылы реттеледі. Реттеу диапазоны 0-ден 60 °C-дейін. Реттеу қадамы 5 °C.

**12. Техникалық қызмет көрсету**

**12.1 Жалпы ескертулер**

**Ескертпе**  
**Қауіпті орталарды мөлшерлеу кезінде әрдайым тиісті қауіпсіздік шараларын сақтаңыз!**  
**Мөлшерлеу бастиегімен, жалғаулармен немесе желілермен жұмыс істеген кезде, жеке қорғану құралдарын қолданыңыз (қолғаптар және көзілдіріктер).**  
**Сорғының корпусы тек Grundfos компаниясымен өкілеттенген персоналмен ашылуы тиіс!**  
**Жөндеу жұмыстары тек білікті және өкілетті персоналмен орындалуы тиіс!**  
**Техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын орындар алдында сорғыны сөндіріңіз және қуат блогынан ажыратыңыз!**  
**Мөлшерлеу бастиегін, клапандарды және желілерді алып тастар алдында сорып алу клапанын бұрап ағытып алып, мөлшерлеу бастиегінде қалған ортаны түпқоймаға ағызып жіберіңіз.**



**Назар аударыңыз**

**Клапан ағысы бағытының маркалануының сәйкестігін сақтаңыз (клапанда нұсқармен көрсетілген).**

**12.2 Мембрананың жарылуын табу үшін мембранадан ағуды бақылау**


Егер мембрананың жарылуы (MLS) табылса, бірінші кезекте қатенің көрінетіндігін тексеріңіз, өйткені бұл жерде әртүрлі факторлар әсер етеді, мысалы, мөлшерленетін ортаның немесе жұмыс сұйықтығының қызуы жарықшалардың құрылуына және мембраналардың арасында және клапанда ортаның пайда болуына әкеліп соғуы мүмкін, бұл қателік болдырады.

Мембрананың жарылуын тапқаннан кейін, келесілерді тексеріңіз:


1. Ауа шығару бұрандасын (2u) аз уақытқа ашыңыз, ал содан кейін оны қайтадан жабыңыз.
2. Сорғыны сөндіріңіз.
3. Егер, қысқа уақыт кезеңінен кейін мембрананың жарылу сигналы қайталанса, бұл мембрананың жарылғандығын білдіреді.

**Мембрана зақымданғаннан кейін мембрананы айырбастаңыз және кері клапанды тазалаңыз, 12.7 Қосарланған мембранасы бар мөлшерлеу бастиегіне арналған мембрананы айырбастау тарауын қар.**

**Назар аударыңыз**



**34-сур.** DMH 280: Қосарланған мембранасы бар мөлшерлеу бастиегі



**35-сур.** DMH 281-288: қосарланған мембранасы бар мөлшерлеу бастиегі

**Айқ. Компоненттері**

I	Ауалау желісіне арналған жалғау
S	Түйісу манометрі
T	Шарлы кері клапан
U	Жалғауыш буын
1u	Құю бұрандасы
2u	Ауа шығару бұрандасы
V	Ауа шығару бұрандасы

TM03 6869 4506

TM03 6870 4506



### 12.3 Тазалаудың және техникалық қызмет көрсетудің мерзімділігі

#### Май деңгейін тексеру

- Майдың деңгейін әр екі апта сайын тексеріңіз, қажет болған жағдайда, үстемелеп май қосыңыз.

#### Клапандарды тазалау

- Әр 12 айдан сирек емес немесе жұмыстың 4 000 сағатынан кейін.
- Егер сорғы жұмыс істемесе.
- Ақау болған жағдайда.

Мембрананы және клапандарды тазалаңыз, қажет болған жағдайда айырбастаңыз (тот баспайтын болаттан жасалған клапандар үшін: клапанның ішкі тетіктері).

#### Мембраналарды және трансмиссиялық майды айырбастау

- Мөлшерлеу заттегіне және трансмиссиялық майға байланысты, әрбір 12 айдан сирек емес немесе жұмыстың 8 000 сағатынан кейін.
- Шаңды жерде орнатылғандардың трансмиссиялық майын үздіксіз 3 000 сағат жұмыс істегеннен кейін айырбастаңыз.

#### Қосарланған мембрананың шарлы кері клапанын тазалау

- Мембрана жарылғаннан кейін, дереу шарлы клапанды ағытып алыңыз және тазалаңыз.

Нұсқау

**Шарлы кері клапанды тек мембрана жарылғаннан кейін ғана тазалау қажет!**

#### Жырашыққа салынатын шығыршықты айырбастау

- Ақау болған жағдайда, мысалы, егер сорғы жұмыс параметрлерін қамтамасыз етпесе, жырашыққа салынатын шығыршық тексерілуі мүмкін және қажет болған жағдайда, өкілетті персоналмен жаңасына айырбасталады.

### 12.4 Май деңгейін тексеру

Назар аударыңыз

**Майдың деңгейін шектен асқанда әр екі апта сайын тексеріңіз, қажет болған жағдайда, майды үстемелеп қосыңыз.**

Нұсқау

**Қуыс бұрғысы стерженінің ұзындығы: DMH 280-281: 27 мм.**

**DMH 283-288: 35 мм.**

**Белгілеу үшін батыру тереңдігі: 5 мм. шамасында.**

### 12.5 Сорып алатын және айдау клапандарын тазалау



#### Ескертпе

**Мөлшерлеу бастиегімен, жалғаулармен немесе желілермен жұмыс істеген кезде жеке қорғану құралдарын қолданыңыз (қолғаптар және көзілдіріктер). Мөлшерлеу бастиегін, клапандарды және желілерді алып тастар алдында сорып алу клапанын бұрап ағытып алып, мөлшерлеу бастиегінде қалған ортаны түпқоймаға ағызып жіберіңіз.**

#### DN 4 орындалуындағы клапан

- Бұрандалы қосылу 3/8",
- Тот баспайтын болат,
- Серіппелендірілген.

#### DN 8 орындалуындағы клапан


- Бұрандалы қосылу 5/8",
- Тот баспайтын болат,
- Серіппелендірілген.

#### DN 20 орындалуындағы клапан

- Бұрандалы қосылу 1 1/4",
- Тот баспайтын болат,
- Серіппелендірілген (тапсырыс бойынша).

Сорып алу және айдау клапандарын келесі түрде тазалаңыз:

1. Клапандарды бұрап ағытып алыңыз.
2. Тістеуіктің көмегімен клапанның бұрандалы тетіктерін ағытыңыз.
3. Ішкі тетіктерін бұзыңыз (нығыздағыш, шарлар, шарлы құрсау және, егер болса, серіппе).
4. Барлық тетіктерін тазалаңыз. Ақаулы тетіктерін жаңасына айырбастаңыз.
5. Клапанды қайтадан жинаңыз.
6. Нығыздағыш шығыршықтарды жаңасына айырбастаңыз. Клапанды орнатыңыз.



36-сур. Серіппеленген, тот баспайтын болаттан жасалған DN 4 орындалуындағы клапан



37-сур. Серіппеленген, тот баспайтын болаттан жасалған DN 8 орындалуындағы клапан

TM03 6871 4506

TM03 6468 4506



TM04 8569 2812

**38-сур.** Тот баспайтын болаттан жасалған DN 20 орындалуындағы клапан

**Назар аударыңыз**

**Нығыздағыш шығыршықтың соған арналған жырақшаға дәл кіруін қадағалаңыз. Ағыстың бағытын сақтаңыз (клапанда нұсқармен көрсетілген)!**

**12.6 Жалғыз мембранасы бар мөлшерлеу бастиегіне (мембрананың жарылуы датчигісіз) арнап мембрананы және трансмиссиялық майды айырбастау**



**Ескертпе**  
Мөлшерлеу бастиегімен, жалғаулармен немесе желілермен жұмыс істеген кезде жеке қорғану құралдарын қолданыңыз (қолғаптар және көзілдіріктер). Мөлшерлеу мембранасы әрбір тарнсмиссиялы майды айырбастағаннан кейін айырбасталуы тиіс. Мөлшерлеу бастиегін, клапандарды және желілерді алып тастар алдында сорып алу клапанын бұрап ағытып алып, мөлшерлеу бастиегінде қалған ортаны түпқоймаға ағызып жіберіңіз.

**Нұсқау**


Тек Grundfos компаниясы ұсынған трансмиссиялық май қолданыңыз! Бұйымның нөмірін [www.grundfos.ru](http://www.grundfos.ru) сайтында «Service kit catalogue» сервистік жиынтықтар Каталогынан қар.

Сорғының типі	Орындалу нұсқасы	Сипаты
DMH 280	Дара/Қосарланған	DHG 68, 1,3 л
DMH 281	Дара/Қосарланған	DHG 68, 1,3 л
DMH 283	Дара	DHG 68, 3,5 л
DMH 283	Қосарланған	DHG 68, 4,5 л
DMH 285	Дара	DHG 68, 5,5 л
DMH 285	Қосарланған	DHG 68, 7,5 л
DMH 286	Дара	DHG 68, 5,5 л
DMH 286	Қосарланған	DHG 68, 7,5 л
DMH 287	Дара	DHG 68, 5,5 л
DMH 287	Қосарланған	DHG 68, 7,5 л
DMH 288	Дара	DHG 68, 3,5 л
DMH 288	Қосарланған	DHG 68, 4,5 л

**Нұсқау**

Трансмиссиялық майды сыйымды ыдысқа жинаңыз және лайықты түрде кәдеге жаратыңыз.

**12.6.1 Трансмиссия майын ағызып алу**



TM03 6472 4506

**39-сур.** Трансмиссия майын ағызып алу

**Айқ. Компоненттері**

B	Стопорлы бұранда
1b	Төсем
F	Деңгейді өлшеуге арналған қуыс бұрғысы бар май құю сағылауының бұрандалы қақпағы
L	Айналу ұзақтығын реттеу тұтқасы

1. Стопорлы бұранданы бұрап ағытып алыңыз (B) және трансмиссиялық майды сыйымды ыдысқа жинап алыңыз.
2. Стопорлы бұранданы (B) және төсемді (1b) керісінше ретте бұрап қойыңыз және сенімді қылып нығыздаңыз.

**Назар аударыңыз**


**Майдың болмауы салдарынан зақымдану және майдың жылыстауы қауіпі! Әрбір май айырбастау кезінде жаға төсем орнатқан жөн(1b)!**

**12.6.2 Мөлшерлеу бастиегін алып тастау**

1. Сорып алу және айдау желілерін жабыңыз және сорып алу және айдау клапандарындағы жалғауларды босатыңыз.
2. Мөлшерлеу бастиегінің алты бұрандасын босатыңыз (1q с 2q).
3. Мөлшерлеу бастиегін ағытып алыңыз (2).

**12.6.3 Жалғыз мембрананы айырбастау (мембрананың жарылуы датчигісіз)**

- Мембрананы алып тастаңыз және сорып алу жағында жаңасын (Q) қойыңыз. 40-сур. қар.



TM03 6473 4506

**40-сур.** Дара мембрананы айырбастау

**Айқ. Компоненттері**

1q	Мөлшерлеу бастиегінің бұрандалары
2q	Аралық шайба
2	Мөлшерлеу бастиегі
Q	Мембрана

### 12.6.4 Мөлшерлеу бастиегін орнату

- Мөлшерлеу бастиегін орнатыңыз және мөлшерлеу бастиегінің бұрандаларын (1q с 2q) динамометрикалы сомынды кілттің көмегімен диагональ бойынша қатайтып тартыңыз.

Нұсқау

**Келесі іске қосу процедурасы үшін 10. Пайдалануға беру тарауын қар.**

### 12.6.5 Трансмиссиялық май құю

Назар аударыңыз

**Майдың болмауы салдарынан зақымдану және майдың жылыстауы қауіпі! Әрбір май айырбастау кезінде жаңа төсем орнатқан жөн(1b)!**

- Стопорлы бұранданың (В) нығыздалғандығын тексеріңіз.
- Май құю саңылауының бұрандалы қақпаған (F) босатыңыз және ағытып алыңыз.
- Айналу ұзақтығын реттеу тұтқасын (L) «0» қойыңыз.
- Гидравликалық майды май құю саңылауы арқылы (F), майдың деңгейі қуыс бұрғысындағы белгіге жеткенге дейін баяулап құйыңыз.
- 30 минут күтіңіз.
- Сорғыны шамамен 5 минут, 0 % қойылған айналу ұзақтығымен жұмыс істетіңіз.
- Сорғыны шамамен 5 минут, 40 % қойылған айналу ұзақтығымен жұмыс істетіңіз.

### 12.6.6 Май деңгейін тексеру

- Сорғыны сөндіріңіз, майдың деңгейін тексеріңіз және, қажет болған жағдайда майды үстемелеп құйыңыз.
- Май құю саңылауының бұрандалы қақпағын (F) орнатыңыз.

**Алғашқы іске қосқаннан кейін және мембрананы әр айырбастағаннан кейін мөлшерлеу бастиегінің бұрандасын қатайтып тартыңыз.**

Назар аударыңыз

**Мөлшерлеу бастиегінің бұрандаларын әр 6-10 сағат жұмыс істегеннен кейін немесе екі күн жұмыс істегеннен кейін динамометрикалық сомын кілттің көмегімен диагональ бойынша қатайтып тартыңыз.**

### Бұрандаларды қатайтып тарту сәттері

Сорғының типі	Қатайтып тарту сәтінің мәні	
	[Нм]	
DMH 280	55-60	
DMH 281	17-19	
DMH 283	27-30	
DMH 285	50-54	
DMH 286	80-85	
DMH 287	50-54	
DMH 288	75-80	

### 12.7 Қосарланған мембранасы бар мөлшерлеу бастиегіне арналған мембрананы айырбастау

#### Ескертпе

Мөлшерлеу бастиегімен, жалғаулармен немесе желілермен жұмыс істеген кезде жеке қорғану құралдарын қолданыңыз (қолғаптар және көзілдіріктер). Мөлшерлеу мембранасы әрбір тарнсмиссиялы майды айарбастағаннан кейін айырбасталуы тиіс. Мөлшерлеу бастиегін, клапандарды және желілерді алып тастар алдында сорып алу клапанын бұрап ағытып алып, мөлшерлеу бастиегінде қалған ортаны түпқоймаға ағызып жіберіңіз.

Тек Grundfos компаниясы ұсынған трансмиссиялық май қолданыңыз! Бұйымның нөмірін [www.grundfos.ru](http://www.grundfos.ru) сайтында «Service kit catalogue» сервистік жиынтықтар Каталогынан қар.


Нұсқау

### 12.7.1 Мөлшерлеу бастиегін алып тастау

- Сорып алу және айдау желілерін жабыңыз және сорып алу және айдау клапандарындағы жалғауларды босатыңыз.
- Мөлшерлеу бастиегінің алты бұрандасын (1q с 2q) босатыңыз.
- Мөлшерлеу бастиегін ағытып алыңыз (2).

### 12.7.2 Қосарланған мембрананы айырбастау

- Аралық дисклерді (3q), нығыздағыш шығыршықтарды (4q) және оқшаулау шығыршықтарын (5q) тазалаңыз. Мембрана жарылғаннан кейін тетіктерін жаңасына айырбастаңыз.
- Тістеуіктің көмегімен абайлап екі қысу муфталарын (6q) алып тастаңыз. Мембрана жарылғаннан кейін тетіктерін жаңасына айырбастаңыз.
- Екі мембрананың сыртық қабырғасының қалыңдығын өлшеңіз (Q1 және Q2):  $s_{1(Q1)} < s_{2(Q2)}$



41-сур. Мембрананы орнату


- Мембрананың формасы сорғының типіне байланысты болады.

Айқ.	Компоненттері
1q	Мөлшерлеу бастиегінің бұрандалары
2q	Аралық шайба
2	Мөлшерлеу бастиегі
Q1/Q2	42-сур. қар
3q - 5q	

**Мембраналарды (Q1 және Q2) орнатудың дұрыс процедурасын сақтаңыз! 42-сур. қар. Неғұрлым жұқа мембрана (Q1) мөлшерлеу жағына орнатылады, ал неғұрлым қалың мембрана (Q2) сорғы жағына орнатылады!**

Назар аударыңыз

- Екі жаңа мембраналарды (Q1 және Q2) және компоненттерді (3q-5q) сызбаларға сәйкес келтіру ретте орнатыңыз (қыспа муфталар (6q) ортасына дәлтіру үшін қолданылады).



42-сур. Мөлшерлеу бастиегі жағындағы мембрана

Айқ.	Компоненттері
S	Түйісу манометрі (орнату нүктесі)
